



ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСТЫҚ
ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

Сыр бойы

1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

№58-59
(19541-19542)
21 сәуір,
сенбі
2018 жыл
www.syrboyi.kz



**ДАҢҚТЫ
ДӘРІГЕРДІҢ ӨНЕГЕСІ
ҰЛЫҚТАЛДЫ**

2



**«АЛТЫН ДӘННІҢ»
АДЫМЫ**

3



**СЫРДЫҢ
СЕРІК СЕРІСІ**

4



**«DAMU MED» –
ТИІМДІЛІГІ
ЗОР ТЕТІК**

5

ІТ АЛАҢЫ - МҮМКІНДІККЕ ЖОЛ АШАДЫ



Ә.Тәжібаев атындағы облыстық кітапханада IT парк шығармашылық алаңы ашылды. Оған облыс әкімі Қырымбек Көшербаев қатысып, алаң жұмысымен танысты. Аймақ басшысы шарада цифрландыру заман талабы екенін, жаңа технологиясыз жетістікке жету мүмкін еместігін айта келе, IT алаң жұмысына сәттілік тіледі.

Жиында облыс әкімі аппараты басшысының орынбасары Индира Ақжігітова аймақты цифрландырудың маңызы мен қолға алған шаралар жөнінде кеңінен айтып өтті. Сонымен бірге барлық саланы цифрландыруды жүзеге асыру мен оның тиімділігі, атқаруға тиіс жұмыс жоспары таныстырылды.

Елбасының «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты Жолдауында 10 міндеттің жетеуі салаларды цифрландыруға бағытталған. Осы орайда облыс әкімінің басшылығымен аймақ делегациясы үстіміздегі жылдың қаңтар айында Ресейдің Қазан қаласына жасаған сапарында IT-парк қызметімен танысып, бұл бастаманы Сыр бойында да жүзеге асыру жоспарланған. Сонымен бірге өткен жылы облыста алғаш рет ұйымдастырылған «HackDay-2017» фестивалі аппараттық-коммуникациялық технологиялар саласында талантты жастардың көп екенін дәлелдеді, бізде IT парктің құрылуына түрткі болды.

IT алаңы талантты жастардың ақпараттық - коммуникациялық технологиялар саласындағы стартап жобаларын қолдау мен дамытуға жол ашады. Мұндағы техникалық-лабораториялық шеберханаларда түрлі робототехникалық прототиптердің өндірістік жобаларын әзірлеу мен тестілеуге,

лабораториялық симулятор, контроллер мен видеопанельдерде 2D, 3D графикалық жобалардан VR/AR технологиялар бойынша бастамалар әзірлеу, өндірістегі қолданысын тестілеуге мүмкіндік бар. IT жобалардың дамуы мен технологиялық тиімділігін арттыру бойынша коворкинг орталығы қызметін, IT академиялық оқу орталығының базасында түрлі бағдарламалық оқу курстарын іске қосуға және ақпараттық-бағдарламалық өнімдер жасап шығаруға болады. Өндіріс және облыс дамуының салаларын автоматтандыруға, оларға қызмет көрсетуге ықпал етеді.

Бұл алаң жастардың IT саласына деген қызығушылығын арттырып, білімін жетілдіреді. Мұнда келушілердің шығармашылық дамуына барлық мүмкіндіктер қарастырылған. Заманауи компьютер-моноблоктар, техникалар мен шеберханасы бар.

Елбасы еліміздің экономикалық -әлеуметтік жағдайын жаңартудағы ең басты өзекті мәселе – экономиканы цифрландыру керектігін мақсат етіп қойды. Цифрландыру – адам атқаратын жұмыстарды жасанды интеллектке арту деген сөз. Қазіргі кезде дамыған батыс елдерінде, сондай-ақ, Оңтүстік Корея, Жапония, Малайзияда жасанды интеллект құралдарының немесе, қарапайым сөзбен айтсақ, өндірістегі роботтардың салмағы артып келеді. Болашақта адам еңбегінің кейбір түрлерін роботтар алмастыруы мүмкін. Бұл – ғылыми-техникалық прогрестің дамуынан туындаған заңды көрініс.

– IT алаңының бірінші мақсаты жас таланттарды жинақтау, солардың басын қосу арқылы үлкен жобаларды табу. Сондықтан жастарды тәрбиелей отырып, стартап жобаларын дамыту, гранттық жобаларға тарту арқылы мүмкіндіктер беру керек. Жалпы бұл

IT алаңда жастарға консультативтік кеңестер беріледі, бизнес құрылымдары өкілдерімен кездесуге арналған орындар бар. Мәселен, мұнда келушінің қандай да бір идеясы болса, алдымен тіркеуден өтеді. Жұмыс орны мен техника, интернет беріледі. Жас ерекшелігіне ешқандай шектеу жоқ. Тек осы алаңда идеясы мен IT жобаны қорғайтын потенциалы болса, әрі қарай дамытуға күш саламыз. Сондай-ақ, қазақстандық, шетелдік мамандар мастер класс ұйымдастырады. Арнайы курстарда біліктілігін арттырамыз. Бір сөзбен айтқанда, жастардың жобасын қолдауға жағдай жасалады, – деді И.Ақжігітова.

Шарада қалалық Оқушылар сарайындағы «Робототехника» үйірмесінің жетекшісі Раушанбек Сариев үйірменің 2015 жылы қыркүйек айында облыс әкімінің бастамасымен ашылғанын айтты. Қазір онда 40-қа жуық бала тәрбиеленіп жатыр. Олардың еңбектері облыстық, республикалық сайыстарда топ жарып жүр. Жетілдіретін қаншама жоба да бар. Жас өрендердің идеясын дамытатын барлық құрал-жабдықтар жеткілікті. Робототехниктің жұмыс жасау орны, аппараты сатып алынған. Үйірмеде жас өнертапқыштар түрлі робототехника жасап шыққан. Үйірме жетекшісінің айтуынша, ашылған IT алаңының жастар үшін маңызы зор. Р.Сариев шәкірттерінің осында келіп шығармашылықпен айналыса алатынын қуанышпен жеткізді.

Жыл басынан бері «Ақылды басқару» жобасын республика көлемінде Қызылорда облысы енгізілді. Соның аясында 47 жоба нақты бюджет есебінен белгіленді. Дайын жобалар болса, осы алаң оның таралуына, қаржыландырылуына мүмкіндік береді.

Сара АДАЙБАЕВА,
«Сыр бойы».



ОРБҰЛАҚ ШАЙҚАСЫ: ТАРИХҚА ТАҒЗЫМ

Сәрсенбіде Шымкент қаласында Орбұлақ шайқасындағы жеңістің 375 жылдығына арналған республикалық шара өтті.

Шара «Ұлт тарихындағы Орбұлақ шайқасы: ұлы жеңістің ақиқаты мен маңызы» тақырыбындағы халықаралық ғылыми-теориялық конференциямен басталды. Конференцияны ОҚО әкімдігі, ҚР Білім және ғылым, Мәдениет және спорт министрлігі мен М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті және «Жеті жарғы мен Қожаберген жырау» халықаралық қайырымдылық қоры ұйымдастырды. Келелі жиынға мемлекеттік орган өкілдері, Парламент депутаттары мен қоғам қайраткерлері, отандық және шетелдік тарихшы ғалымдар, зиялы қауым, облыс делегацияларының өкілдері қатысты. Конференцияны ашқан облыс әкімі Жансейіт Түймебаев Орбұлақ шайқасының қазақ елінің тарихындағы ерекше маңызына тоқталды.



Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласының аясында өтіп отырған бұл шара тарихты жаңғырту ғана емес, оған тағзым етіп, бүгінгі ұрпақ бойына ерлік рухын сіңіру болмақ. Тәуелсіз еліміз Орбұлақтағы Жеңістің 350 жылдығын алғаш рет 1993 жылы атап өткен болатын. Орбұлақ шайқасы өткен жерге ескерткіш белгітас орнатылып, түрлі шаралар өткізілді. Міне соған бері ширек ғасыр өтті, бүгін оңтүстік жерінде тарихи жеңісті ұлықтап, халық қаһармандары Салқам Жәңгір хан мен Жалантөс баһадүрге орнатылған ескерткіштің ашылу салтанаты болатынын жеткізді.

Келелі жиында ҚР Ұлттық Ғылым академиясының президенті М.Жұрғенов, сенатор Ә.Бектаев, мемлекеттік Елтанбаевтың авторы Жанарбек Мәлібаев ұлт болып ұйысу жолында осындай іс-шаралардың маңызы жоғары екенін айтты. Республикалық ардагерлер ұйымы төрағасының орынбасары, тарих ғылымдарының докторы Өмірзақ Оғанбаев Орбұлақ шайқасы туралы алғашқы деректерді жеткізушілер туралы айтып, Ресей елшілерінің нақты мәлімет келтіргенін баяндады.

Олардың 1644 жылғы хабарламасында «Біз барғанда қонтайшы ұлысында болған жоқ... 50 мың ескермен Қазақордасының Жәңгір сұлтанымен, Жалантөс және Алатау қырғыздарымен соғысқа кеткен екен» деп жазды. Орыс елшілері Жоңғар қолбасшысының қазақтармен соғыста он жарым мыңдай ескерімен айырылып, түтігіп, шаршап-шалдығып күзгі суық түсе келгенін жазып қалдырған. Жәңгір бастаған қазақ қолы Орбұлақтың қия беткейінде қойтастарды паналап, ұлы жебемен жауын қарсы алып, сасықтекеңің түтігін пайдаланып соғысқан. Самарқаннан Жалантөс баһадүр жиырма мың ескермен көмекке келіп жоңғарларды талқандап, шайқастың тағдырын шешеді. Қайраткер ғалым бұл жеңіс ұлт тарихындағы бетбұрысты кезек болғанын атап өтіп, оны тереңдетіп зерттеу қажеттігіне тоқталды.

Жазушы, ҚР Мемлекеттік сыйлығының иегері Бексұлтан Нұржәкеев Орбұлақ шайқасының маңызын әлі де түсінбей жүргендер бар екенін айтып тарихи деректерді алға тартты. Шайқас болған жерлер соғыс шыңдығына сәйкес келеді. Ол жерлерде оқпандар орны бүгінге дейін сақталған.

– Орбұлақ шайқасы қазақтың біртұтастығының, ұлттық бірлігінің жарқын көрінісі. Батыр бабаларымыз ескери тактиканы өте керемет менеріп жауды айламен, ақылды күшімен жеңген. Жәңгір хан Орбұлақтың маңын жіті зерттеп, алдын ала жоспар құрған. Арнайы оқпандар қазып, жаужүрек 700 жауынгермен көмек келгенше 50 мың ескерге төтеп берген. Біз тарихымыздағы батыр бабаларымыздың ұлы жеңістерін дәріптеу арқылы ұрпақ санасына сілкініс жасай аламыз – деді жазушы.

ҚҰДІРЕТТІ ӨНЕРДЕГІ ҚОЖЫҚОВТАР ҚОЛТАҢБАСЫ

Қызылордада Қазақстанның алғашқы театр суретшісі, халық шебері Ләтіпа Қожықованың 125 жылдығына арналған шаралар көркемсурет галереясында «Қожықовтар қолтаңбасы» көрмесінен бастау алды.

Көрменің ашылуына облыс әкімі Қырымбек Көшербаев, Алматы қаласынан Ләтіпа Қожықованың немересі Сәуле Құлашметқызы және өнер иесінің әріптестері мен шығармашылығын зерттеуші ғалымдар қатысты.

Аймақ басшысы киелі Сыр топырағынан түлеген Қожықовтар династиясының қазақ өнеріне сіңірген еңбегі мен қалдырған қолтаңбасы туралы айтты. Ләтіпа Қожықованың жары, әулеттің басшысы, Қоңырқожа Қожықовтың «қырғыз» аталып келген ұлттың «қазақ» деген тарихи әрі нақты атауын қалпына келтірудегі, Ақмешітке Қызылорда деген атау берудегі еңбегіне, айтулы сөзді өткен Қазақ атқару комитеті үйінің үлгісімен сол жағалауда жана ғимарат салынып жатқанына тоқталды. Астананың 20, Қызылорда қаласының 200 жылдығы аясында атқарылатын шаралардың бірікпелік атап өтті.

– Қазақты әлемге қазақ ретінде танытқан екі дүние бар. Оның бірі – Мұхтар Әуезовтің



«Абай жолы» эпопеясы болса, екіншісі, қазақ кино өнерінің тарихында алтын әріппен жазылған, әлемнің 80-ге жуық елінде көрсетіліп, бағасын алған «Қыз Жібек» фильмі. Оның режиссері, тектінің тұяғы Сұлтанхмет Қожықов екені бәрімізге аян. Әулеттің анасы, сан және қолданбалы өнер шебері Ләтіпа Қожықованың қазақ колонеріне қосқан үлесі ұшан-теңіз. Екінші дүниежүзілік соғыс жылдары мемлекеттік тапсырыспен Ләтіпа Мұнайтапқызы тіккен қазақтың ұлттық киімдері Ф.Рузвельтке сыйға тартылып, қазір АҚШ-тағы Рузвельт музейінде сақтаулы. Сондай-ақ, ежелгі қазақ колонері дәстүрінде тоқылған сәндік бұйымдары мен ұлттық киім үлгілерін Алматыдағы Ә.Қастеев атындағы Өнер музейінен көруге болады, – деді аймақ басшысы.

Облыс әкімі жиналғандарға тағы бір қызықты деректі – 1926 жылы сол кездегі Қазақстанның астанасы Қызылордада тұңғыш Бүкілқазақстандық республикалық көрме өткізіліп, Қазақстан суретшілерінің тұңғыш көшпелі көрмесі де 1928 жылы Қызылорда қаласында ұйымдастырылғанын айтты. Көрмеге қойылған суреттерді республикамыздың бір қаласынан екіншісіне түйімен тасыған. Бұл – рухани жетістікке, өнерге деген талпыныстың көрінісі.

8-бет

6-бет

ЖИЫН

ҰҚК АУМАҚТЫҚ ДЕПАРТАМЕНТІНІҢ БАСТЫҒЫ АУЫСТЫ

2014 жылдан бері ҰҚК-ның Қызылорда облысы және Байқоңыр қаласы бойынша департаментін басқарып келген Таңат Жүнісов енді комитет академиясына жетекшілік етеді. Кешегі өткен актив жиынында облыс әкімі Қырымбек Көшербаев оның жаңа қызметіне сәттілік тіледі.

– Таңат Рымбекұлы қызмет атқарған жылдары өңірімізде тұрақты жедел ахуал сақталып, департамент басқа мемлекеттік органдармен өзара тиімді іс-қимыл орнатты. Облыстың ұлттық қауіпсіздігін сақтау мен нығайтуда жемісті еңбек еткені үшін Таңат Рымбекұлына Сыр жұртшылығы атынан алғысымды білдіремін және алдағы жұмысына табыс тілеймін, – деді аймақ басшысы.

Сондай-ақ сала ісін алға жылжытудағы мінсіз қызметі үшін оған облыстың Құрмет грамотасын табыстады. Т.Жүнісов құрмет үшін ризашылық білдірді. Жиында ҰҚК Қызылорда облысы және Байқоңыр қаласы бойынша департаментінің жаңа бастығы таныстырылды. Бұл лауазымға Мақсұт Баймағамбетов тағайындалды. Ол осы салада ширек ғасырдан бері қызмет атқарып келеді.

«ПетроҚазақстан Құмкөл Ресорсиз» АҚ басқарма төрағасы Цинь Хунвэй басқа қызметке ауысты. Облыс әкімі Қырымбек Көшербаев актив жиынында Цинь Хунвэйге аймақ дамуына қосқан үлесі үшін алғысын білдірді.

ЖАҢА ҚЫЗМЕТІНЕ СӘТТІЛІК ТІЛЕДІ

Цинь Хунвэй жетекшілік жасаған жылдары мұнай компаниясы өндіріс көрсеткішінің жоғарылауына, негізгі жобалардың жүзеге асуына ықпал етті. Еңбек шарттарының сақталуына және қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, жұмысшылардың тұрмысын түзеуге бағытталған әлеуметтік мәселелерге баса мән берді. Аймақтың әлеуметтік-экономикалық дамуына қосқан үлесі зор. Қайырымдылық шараларынан қалыс қалған кезі жоқ.

– Компания талай уақыттан бері Қазалыдағы мүмкіндігі шектеулі балаларға арналған оңалту орталығына, Жаңақорғандағы тұрмысы төмен отбасылардың балаларына арналған «Балдәурен» балабақшасын қамқорлығына алған. Жыл сайын Қызылорда қаласындағы «Арай Санрайз» лагерінде мыңнан астам баланың тегін демалуына жағдай жасап келеді, – деді облыс әкімі.

Жиын соңында Цинь Хунвэйге облыстың Құрмет грамотасы табыс етілді.

Назерке САНИЯЗОВА,
«Сыр бойы».

ЖАРҚЫН БОЛАШАҚ БАСТАУЫ

Білімді ұрпақ – ел ертені, кел-мел келешек кепілі. Ендеше жас ұрпаққа сапалы білім, саналы тәрбие беру аға буынның парызы.

Елбасы Жолдауында жаһандануға бет алған ғылым мен технология заманында әлемдік көштен қалып қоймас үшін жаңа мақсаттар белгіленген. Бұл әсіресе, білім саласына бағытталғаны белгілі. Мемлекет басшысы «Барлық жастағы азаматтарды қамтитын білім беру ісінде өзіміздің озық жүйемізді құруды жеделдету қажет. Білім беру бағдарламаларының негізгі басымдығы өзгерістерге үнемі бейім болу және жаңа білімді меңгеру қабілетін дамыту болуға тиіс» деп атап өтуі осының дәлелі.

Жолдауда сондай-ақ, цифрлық жүйені ендіру мәселесі көтерілген. Бүгінде білім саласында цифрландыруға байланысты ауқымды жұмыстар атқарылууда. Мәселен, мектептердің барлығы компьютерленіп, заманауи технологиялар қолданылууда. Сонымен бірге, электронды күнделік жұмыстан қолы босайтын ата-аналар үшін игі бастама болып отыр. Бүгінде қала мектептері, оның ішінде өзін еңбек ететін білім ұясы да электронды күнделікке көшкенін айтуға болады. Өзім жетекшілік ететін сыныпта оқушыларымының барлығының дерлік электронды күнделігі жасалған. Сол арқылы ата-ана-

лар балаларының оқу үлгерімін қадағалай алады. Сонымен бірге бұл ата-анамен байланыс орнатудың да тын тәсілі болууда.

Тарихи құжатта сондай-ақ, орта білім беру саласында жанартылған мазмұнға көшудің қолға алынғаны, оның 2021 жылы аяқталатыны да тілге тиек етілген. Бұл түсінікті де. Себебі, ғылым мен білім инновациясы озық мемлекет ғана дамудың даңғыл жолына түсіп, жарқын өмір сүрмек. Бүгінде тек біздің елде ғана емес, дүниежүзі білімге көңіл бөлуде. Өйткені, Жолдауда айтылған адами капиталды жақсартудың негізі – терең білімде.

Елбасының Жолдауда айтқан әрбір ойының астарында үлкен мән жатыр. Барлық идея 100 нақты қадаммен ұштасып, елімізді дамыған мемлекеттердің көшіне қарай бастары белгілі.

Мемлекет басшысының ағымдағы жылы жариялаған «Бес әлеуметтік бастамасы» осы жоғарыда айтқан «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты Жолдаумен астасып жатқаны белгілі. Елбасы бұл бастамада биылдан бастап 54000 мемлекеттік грантка қосымша тағы да 20000 білім грантын бөлетінін айтты. Сондай-ақ, студент жастарға арнап жатақханалар салуды тапсырды. Президенттің бұл бастамасы

да жастардың еркін білім алуына, әсіресе, кәсіптік мамандықтарды меңгеруіне мүмкіндік жасап отырғаны көзі қарқты жұртқа жаксы белгілі.

Жалпы, Елбасының қайсы бір Жолдауы, үндеуі, бастамалары болмасын ел тұрғындарының жан-жақты білім алуына, маман атанып, кемел, мықты мемлекет болып қалыптасып, болашағымыздың жарқын болуына бастайды.

Анар БАЙДАЛIEBA,
№23 мектеп-лицейінің
мүғалімі.



– Сыр өңірі – тұнған тарих, қасиетті мекен. Бұл өлкеден кейінгі ұрпақ үлгі тұтар қаншама тұлғалар шыққан. Біз соңғы жылдары елге еңбегі енген азаматтарды жастарға насихаттау, олардың үлгілі еңбек жолын өнеге ету шараларын ұйымдастырып келеміз. Сондай шараның бірі бүгін белгілі дәрігер, елімізде хирургия саласының негізін қалаушылардың бірі – Шәдібай Абдуллаевтың 90 жасқа толуына арналып отыр, – деді Руслан Рүстемов.

Шараға дәрігердің шәкірттері мен әріптестері, балалары медицина ғылымдарының докторы Марат, Қуаныш Абдуллаевтар қатысты.

Медицина саласының майталманы Шәдібай Абдуллаев 1928 жылы туған. 1950 жылы Алматы медицина институтының емдеу факультетіне қабылданып, оны 1956 жылы үздік

«100 ЖАҢА ОҚУЛЫҚ»



ЖАҢА ОҚУЛЫҚ ЖАСТАРҒА ҚОЛЖЕТІМДІ БОЛМАҚ

Қазақстан халқы Ассамблеясының бірінші республикалық күні аясында облыстық Ассамблея активінің отырысы өтті. Онда «Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық» жобасы талқыланды. Шараға облыстық Ассамблея жанындағы ғылыми-сарапшылық топ мүшелері, этномәдени бірлестіктер, Аналар кеңесі, «Жаңғыру жолы» орталығының жастары, Қорқыт ата атындағы ҚМУ «Қазақстан халқы Ассамблеясы» кафедрасы мен Қоғамдық келісім кеңесінің өкілдері қатысты.

– Аталған жобаның бізге берері көп. Өйткені, жастар шет елдің жоғары оқу орындарында оқытылатын еңбекпен қазақ тілінде таныса алады. Мұндай кешенді жоба әлемдік тәжірибеде сирек кездеседі. Ең бастысы жаңа оқулықтар үш түрлі форматта, латын әрпімен берілетіндіктен кез келген елдегі қазақ жастарына қолжетімді болмақ, – дейді ғылыми-

сарапшылық топтың мүшесі, тарих ғылымдарының кандидаты Сағат Тайман.

Мұнан өзге басқосуда философия ғылымдарының кандидаты, профессор Оңғар Бермаханов, «Абылай хан» атындағы жоғары колледжінің директоры, саяси ғылымдарының кандидаты Руслан Дүлдүл, «ҚР Президентінің жанындағы мемлекеттік басқару академиясы» РМҚК Қызылорда облысы бойынша филиалының доценті, психология ғылымдарының кандидаты Алмагүл Аяғанова, Қорқыт ата атындағы ҚМУ-дың Ақпараттық технологиялар және ғылыми жұмыстарды коммерциялау басқармасының басшысы, экономика ғылымдарының кандидаты Нұрлан Құлимирзаев келелі ойларын ортаға салды.

Жиын соңында қатысушылар өзара пікір алмасып, жоба аясында жүктелетін міндеттерді жұмыла көтеруге шақырды.

Мейрамгүл ДАУЫЛБАЙҚЫЗЫ,
«Сыр бойы».

ТАҒЫЛЫМДЫҚ, ТАНЫМДЫҚ МАҢЫЗЫ ЗОР

Мемлекет басшысының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласының нәтижесін, міне, біз бір жыл ішінде көріп отырмыз. Ұлттық аударма бюросы 100 оқулықты қазақ тіліне аудару бағытында оң кадам жасап, осы уақыт аралығында ауқымды жұмыс атқарды.

«Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық» жобасы аясында 18 оқулықтың жарыққа шығуы – сөзіміздің дәлелі. Олар экономика, философия, тарих, тіл білімі, жалпы әлеуметтік-гуманитарлық салаларды қамтиды. Бір ерекшелігі, бұл кітаптардың барлығы ана тілімізге ағылшын тілінен тәржімаланған. Әлемдік деңгейдегі ғылымның, білімнің озық жетістіктерін меңгеру үшін оқу орындарында осындай деңгейдегі саясаттанушылардың, әлеуметтанушылардың еңбегін оқыту өте маңызды. Игі бастама студенттерді салыстырмалы талдау жасауға үйретіп, сыни тұрғыдан ойлау қабілетін арттырады.

Одан бөлек, жоба отандық жоғары оқу орындарының өкілдеріне, ғалымдарға әлемдік деңгейдегі университеттердің жетістіктерімен, тәжірибесімен кеңінен танысуға мол мүмкіндік береді. Сондай-ақ, бұлар болашақта экономиканымызды, ғылым мен білімді, мәдениетімізді өркендетке бағыттауда тағылымдық, танымдық маңызы зор құнды оқулықтар болады деп ойлаймын.

Руслан ДҮЛДҮЛ,
Абылай хан атындағы
колледж директоры,
Қызылорда қаласы.

ҚР Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Қызылорда облысы бойынша департаменті жанындағы арнайы мониторингтік топ мүшелерінің отырысы өтті.

Отырыста қалалық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы және тұрғын үй инспекциясы бөлімі басшыларының атқарған жұмыстарының нәтижелері тыңдалды. Сонымен қатар спикерлер коммуналдық қызметтердің жұмысын трансформациялау мәселесіне тоқталды.

– «Энергосервис» ЕЖШС орталығында тұтынушыларға қызмет көрсету үшін бар жағдай жасалып отыр. Бізде кәзір сапалы жөндеу жұмыстары жүргізіліп, қосымша күту орындары, мультикасса және саш-терминал, ауаны кондиционерлеу жүйелері түзетілді. Операторлар саны өсіп, қызметкерлер арнайы киімдермен қамтамасыз

БАСТЫ МӘСЕЛЕЛЕР БАҚЫЛАУДА

етілді. Қолжетімді жерде қызмет алу тәртібі және энергияны тұтыну есебі туралы ақпараттық такта орнаттық. Мүмкіндігі шектеулі азаматтар үшін де көмекшіні шақыру батырмасы, пандустар және елденге тактильді тақталар орнатылған және бөлек касса қызмет көрсетеді. Бүгінде мекемеде 130 қызметкер бар, тұтынушылардың 30 проценті cash-терминал және онлайн қызметін пайдалануда. Енді олардың жылу, электр жарығы, тұрғын үй қызметі және тазалық қызметіне бір қасадан төлеуіне мүмкіндік бар. Облыс бойынша 700 терминал арқылы электр жарығы үшін төлем жасауға болады. Цифрландыру бойынша қажетті жұмыстар жүруде, бұл ретте мекеме сервистері трансформацияланып, бірыңғай төлем құжаты енгізілгенін айту керек. Бұған қоса Android операциялық жүйесінде қантар айынан бастап жаңа мобильді бағдарлама іске қосылды. Тұтынушының PlayMarket мобильді қосымшасынан «Энергосервис» бағдарламасын жүктеп алып, төлем жасап, қарызын білуге және басқа да ақпарат алып отыруына да болады, – деді «Қызылорда жарығы» холдингінің бірлестігінің атқарушы директоры Еркебұлан Есенбаев.

Жиында қалалық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы және тұрғын үй инспекциясы бөлімінің басшысы Берік Сәрсенбаев салада біршама ауқымды жұмыстар жүргізіліп отырғанына тоқталып, қай кезде де тұрғындар тілегі ескерісіп қалмайтынын жеткізді. «Қызылордажылуэлектр орталығы» МКК директоры Руслан Нұрмағамбетов те биыл жылу беру маусымы аяқталғанға дейін оның бақылауда ұсталғанын, қазірден бастап алдағы уақытта дайындық жұмыстары пысықталатынын айтты. Тұрғындардың қордаланған қарызын қайтару мәселесі де сөз болды. Отырыс барысында топ мүшелері халықтың көкейінде жүрген және әлі күнге дейін шешімін таппаған өзекті мәселелерді көтеріп, анықталған кемшіліктер бойынша тиісті шара қабылдауға ұсыныстар берді. Нақты міндеттерді жүйелеп, бірлескен жұмыстардың қолға алынатынына сенім білдірді.

Мәлір КАЛЫМБЕТ,
«Сыр бойы».

СЕМИНАР

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТШІ ЭТИКАСЫ ТҮСІНДІРІЛДІ

Қызылордада мемлекеттік қызметшінің ұжымдағы өзара қарым-қатынас мәдениетін және құқықтық сауаттылығын арттыру, әдептілік мінез-құлқын және кәсіби имиджің көтеру мақсатында оқу семинары өтті.

Елімізді дамыған 30 мемлекеттің қатарына қосу бағытындағы міндеттер белгіленген «100 нақты қадам» Ұлт Жоспарын жүзеге асыру үшін білікті де білімді, түрлі қиыншылықтарға төтеп бере алатын, адал да әділ қызмет атқаратын кәсіби мемлекеттік аппарат құрудың тиімділігі мол. «Мемлекеттік қызмет туралы» Заңында қызмет этикасына қатысты талаптар айтарлықтай күшейтіле түсті. Бұл туралы ҚР Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Қызылорда облысы бойынша департаментінің басшысы, Әдеп жөніндегі кеңес төрағасы Абзал Мұхимов семинар барысында баяндады.

– Әдеп нормаларын бұзған мемлекеттік қызметшіні жазалауОдан гөрі оның алдын алудың тиімділігі айтпаса да түсінікті. Осыған байланысты озық елдердің – Канада, Ұлыбритания, Австралия, Ирландияның тәжірибесі бойынша орталық және облыстық деңгейде әдеп жөніндегі уәкіл институты енгізілді. Мемлекеттік қызметші қай кезде моральдық-этикалық талаптарды сақтауға міндетті. Алайда, бүгінде мемлекеттік қызметшілердің қызмет аясында түрлі кедергілер мен ұжым арасында түсініспеушіліктері көрініс алады. Бұл ретте ұжымда жағымды моральдық-психологиялық ахуалды қалыптастыруда Әдеп жөніндегі уәкіл қызметінің рөлі зор, – деді А.Мұхимов.

Әдеп жөніндегі уәкіл мемлекеттік қызметшілердің қызмет барысында туындайтын түсініспеушіліктер мен кедергілерін, мүдделер қақтығысын шешіп, заң аясында көмек беріп, ұжымдық органын дұрыс қалыптастыруы тиіс. Департамент бас-

шысы Абзал Сансызбайұлының айтуынша, сол себепті бұл қызметке тәжірибесі мол, іскерлік, адамдармен тіл табысу қабілеті жоғары, қоғамдық ортада өзін ұстай білетін, қоғаммен байланыс жасап, жақты мәселелерді реттей білетін тұлғаны сайлайды.

Семинар барысында облыстық ішкі саясат басқармасының өңірлік коммуникациялар қызметі орталығының директоры Гүлжан Омарова «БАҚ-пен жұмыс және брифинг, сұхбат беру технологиясы» тақырыбында баяндады. – Қазіргі таңда сағат емес, сәт сайын жаңаланып отыратын ақпарат ағынын тоқтату мүмкін емес. Қоғамда болған кез келген оқиға, жаңалық елдің көз алдында тұр. Сондықтан ақпараттық технологиялардың дамыған кезеңі бізден әбжілдікпен қатар шынайылықты талап етеді. Әсіресе, мемлекеттік органдар тарапынан шынайы, ресми, тексерілген ақпарат алу журналистер үшін аса маңызды. Бұл ретте сол органдардың БАҚ өкілдерімен бірлесу жеміс істеуге мүдделі болғаны абзал, – деді Г.Омарова.

Биыл агенттікпен мемлекеттік қызметшілердің күнделікті жұмысында қолдануға қолайлы Әдеп кодексінің қойын кітапшасы Pocketbook енгізілді. Онда мемлекеттік қызметшілердің қызметтік қарым-қатынаста, азаматтармен байланыста, жұмыстан тыс уақытта қандай мінез-құлық таныту керектігі, сондай-ақ, әлеуметтік желіні пайдалану, БАҚ-тарда сөз сөйлеу сынды мәселелер қамтылған. Бұл туралы мемлекеттік қызметшілер семинар барысында танысты.

Шынар БЕКБАН,
«Сыр бойы».

БРИФИНГ

ШЕГІРТКЕГЕ ҚАРСЫ КҮРЕС ШАРАЛАРЫ



Бұл туралы өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен баспасөз конференциясында ҚР АШМ Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитетінің облыстағы аумақтық инспекция басшысы Еркебұлан Бекжанов мәлімдеді.

Оның айтуынша, шегірткенің италиялық прус және ерекше қауіпті азиялық түрлеріне қарсы химиялық өңдеу жұмыстары 25 мамырда басталып, бір ай көлемінде жүргізіледі. Облыс бойынша химикатпен өңделетін жер көлемі – 144 392 гектар.

Бұл жұмыстарға 14 арнайы жер агрегаты, аэрозольды генератор, моторлы бүркіштер, 4 дельтоплан мен 2 ұшақ қолданылады. Сонымен қатар, биыл саяж шегірткеге қарсы 73 581 мың гектар жер және күрші зиянкесі саналатын жағалық шыбынға қарсы 4,908 гектар аумақ химиялық өңдеуден өтеді. Аталған фитосанитариялық

М.СНАДИНҚЫЗЫ,
Н.НҮРЖАУБАЙ (сурет).



САЛЫҚ МӘДЕНИЕТІ: ЗАМАНАУИ ТЕХНОЛОГИЯ ЖӘНЕ АДАЛДЫҚ ҚАҒИДАСЫ

Американың алтыншы президенті Бенджамин Франклиннің көбіне қалжың ретінде айтылатын «Адам баласын құтқармайтын екі нәрсе бар: бірі – өлім, екіншісі – салық» деген сөзінде терең экономикалық мән жатыр. Салық – бұл жаза емес. Мал-мүлкі, шабындық және жайылым жері, керуен артып жасаған саудасы үшін салық пен баж төлеу бұрынғы заманнан бар үрдіс. Алайда салықтан жалтару, заң талаптарын айналып өту жиі кездесетін құбылысқа айналып бара жатқаны алаңдатады. Кәсіпкерлікпен шұғылданушы әрбір тұлға бизнесі оның жұмысы екенін ескергені жөн. Кәсіп ашқан соң терең білім, арнаулы дағдыларды меңгеру қажет, яғни салық заңдылығының, бухгалтерлік есептің негіздерін білуі керек. Ынтасы мен дайындығы бар жаңа бүгінгі ақпараттық технологиялар заманы көп мүмкіндікті қарастырып-ақ тұр.

Елбасының биылғы Жолдауы «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» деп аталды. Еліміз үшін дамудың жаңа кезеңінде туындайтын міндеттеріміз – халыққа көрсетілетін қызметті ықшам, ыңғайлы, жылдам әрі барынша түсінікті сипатқа келтіру. Біздің мақсатымыз – қоғамның талабымен, оның дамуымен қатар жүру ғана емес, азаматтардың бүгінгі уақытқа сай көзқарасы мен талабын қалыптастыруға үлес қосу. Яғни, кәсібін тіркеу сәтіннен бастап оның дамуы мен көтерілуі үшін барлық қызметтің жетілдірілген түрін ұсыну.

Облыс бойынша Мемлекеттік кірістер департаменті өткен 2017 жылы мемлекеттік қызметтердің 89 процентін электронды нысанда көрсеткен. Бұл алдыңғы 2016 жылғы көрсеткіштен 7,7 процентке артық, яғни жыл сайын электронды форматта қызмет көрсету қарқыны артып келеді. Оның ішінде, салық есептілігінің 99,3 процентін электронды түрде тапсырылған есептер құрап отыр. Қазіргі салық төлеушіге есебін тапсыру немесе ақпарат алу үшін барлық жағдай жасалған.

Алайда, жұмыс тәжірибесі бұл бағыттағы жұмыстардың әлі де шеңберін кеңейту қажеттігін көрсетіп отыр. Осы орайда, біздің бастамамызбен «Өндірістік емес төлемдерді әкмішпендіру» ақпараттық жүйесін ендіру жобасы қолға алынды. Бірыңғай деректер қорын құру арқылы басқа құзыретті органдармен өзара ақпарат алмасуды жоғқа қою көзделді. Түпкі мақсат – салықтың жиналу деңгейін көтеру. Сонымен қатар, электронды нысанға көшу жұмысты қолмен атқаруға, тасымалға және қолма-қол тапсыруға жұмсалатын уақыт пен шығынды үнемдейді. Сонымен қатар, бюджетке төленетін міндетті салықтар туралы әр азаматтың, отбасының мәліметін бірыңғай төлем құжатына қосу туралы да біздің ұсынысымыз бойынша жаңа бағдарламалар жасалады. Осының барлығы электронды форматқа, сандық жүйеге көшудің, «ақылды қала» болудың алғашқы қадамдары және оған қосатын біздің үлесіміз.

”МЕМЛЕКЕТТІК КІРІСТЕР ОРГАНДАРЫ ДА ӨЗ ҚІЗМЕТІН ЖЕТІЛДІРУДІ УАҚЫТ ТАЛАБЫМЕН ҚАТАР АЛЫП ЖҮРУДІ МАҚСАТ ТҮТАДЫ. САЛЫҚ ТҮСІМДЕРІНІҢ ДЕНГЕЙІ ІШКІ ЖАЛПЫ ӨНІМГЕ ҚАРАҒАНДА 2016 ЖЫЛЫ 15,2%- БОЛСА, 2017 ЖЫЛЫ 16%-ТЕН АСҚАН. 2017 ЖЫЛДЫҢ ҚОРЫТЫНДЫСЫМЕН МЕМЛЕКЕТТІК БЮДЖЕТКЕ 104,7 МЛРД ТЕНГЕНІҢ ТҮСІМІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТІЛДІ, ЖОСПАР 102,7%-КЕ ОРЫНДАЛДЫ. ЖАЛПЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН БЮДЖЕТКЕ 204,7 МЛРД ТЕНГЕ ӨНДІРІЛДІ, ЯҒНИ АЛДЫҢҒЫ 2016 ЖЫЛДАН 45,4 МЛРД ТЕНГЕГЕ НЕМЕСЕ 28,5%-КЕ АРТТЫ.

Келендік ресімдеу мен бақылау да халықаралық стандарттар деңгейіне көтерілуде. Биылғы жылдан бастап КР Келендік реттеу туралы кодексі мен Еуразиялық экономикалық одақтың Келен кодексі жаңа мазмұнда қолданысқа енді. 2017 жылғы облыстың сыртқы сауда айналымы 403,6 млн АҚШ долларын құрады, оның ішінде экспорт 313 млн (384 мың тонна), импорт 91 млн \$ (61 мың тонна). Келендік төлемдер мен салықтар түсімі – 7,3 млрд теңгеге тең, тапсырма 104,7%-ке орындалды. 2017 жылы 38 келендік тексерулер жүргізілді, тексерулер тиімділігі 97%. Нәтижесі де 386 млн теңге қосымша есептелінді. Сондай-ақ, өткен жылы ресімделген декларациялардың (барлығы – 2727) 99%-і «күнбе-күн» тәртібімен ресімделді. Елеулі өзгеріс – 2018 жылдың I қантарынан бастап «электронды декларациялау» тәртібіне көшкеніміз. Мемлекеттік кірістер комитеті ендірген электронды декларациялаудың «Астана-1» ақпараттық жүйесі экспорт режимі бойынша іске қосылды. Бұл жаңа жүйе Бүкіләлемдік сауда ұйымының талаптарына және Қазақстан Республикасы мен Еуразиялық экономикалық одақтың жаңа келен заңнамасына сәйкес сұранысқа жауаптау мақсатында жасалған. Электронды декларациялау деректері толықтай қолпен қиғандарына, ол деректерді өңдейді, келендік салықтар мен төлемдерді автоматты түрде есептеп, өндіруді жүзеге асырады. Тауарды айналымға шығару үшін жүйе өзін-өзі белгілі бір «дәлізді» таңайды: ол «түзектелді дәліз» немесе «жасыл дәліз» болуы мүмкін. Тәжірибеде байқалғандай, декларацияны өңдеу және жасыл дәлізбен шығаруға 1 минуттай ғана уақыт жұмсалады.

Департаменттің қызмет аумағында 2018 жыл басынан 27 наурызға 228 декларация экспорт режимінде электронды өңделіп, шығарылды. Көп функционалды болғандықтан бұл жүйе кезек-кеземен енгізіле бастайды.

Департаменттің құқық қорғау бағытындағы жұмыс қорытындыларына тоқтасақ, 2017 жылы Экономикалық тергеу қызметінің өндірісінде барлығы 263 қылмыстық іс болды. 225 іс бойынша сотқа дейінгі тергеу әрекеттерін департамент жүргізгенін айта кету керек. Оның ішінде 161 іс (71,6%) жедел іздестіру шаралары нәтижесінде анықталып, тіркелген. Өткен жылы аталған қылмыстық істердің 230-ы аяқталып, 130 іс сотқа жолданды (50%), 100 іс ақталмайтын негізде тоқтатылды. Бюджет қаражатын мақсатсыз жұмсау және талан-таражға салу фактілерімен 87 қылмыстық істің өндірісі жүргізілген. 71 іс аяқталып, 25-і сотқа жолданды. Экономикалық қылмыстармен бір жылда ғана жүргізілген осынау істердің қорытындысымен мемлекетке келтірілген 2,8 млрд теңгенің залалы қайтарылды, 908 млн теңгенің мүлкі мен қаражатына шектеу қойылды.

Мемлекеттік кірістер органдары 2025 жылға қарай шоғырландырылған бюджетке түсімдер деңгейін ішкі табыс өнімнің 25%-не жеткізуді мақсат етіп отыр. Бюджетке түсімді арттыру, қызмет көрсетуді жетілдіру, әрине, мамандардың ақыл-ойын, жұмыс әдісін жетілдірумен тығыз байланысты.

Осы орайда, мемлекеттің тайказаны – бюджеттің қалыптасуы әрбір салық төлеушінің міндеттілігімен де байланысты екені анық. Салықты ықтиярлы төлеу, міндетінен жалтармау, заң шеңберінде жұмыс жасау – әрбір азаматтан және кәсіпкерден осы ғана талап етіледі. Кәсіпкерлік, әрине, пайда табуды көздейді. Алайда, пайда табу мемлекеттің қаражатын мақсатсыз жұмсау мен жымқыру арқылы жүргізілсе – бұл енді қылмыс. Дамуымызға кедергі келтіріп отырған заңсыздық пен қылмыстар түрі салықтан жалтару, мемлекет қаражатын жымқыру, мұнай өнімдерін ұрлау, заңсыз алкоголь айналымы, заңсыз ойын бизнесі, қаржы пирамидалары болып түрлерін барады.

Қоғамның тазалығы, тыныштығы, қазіргі және келешек келбеті әрбір азаматтың көзқарасы мен жауапкершілігіне қатысты. Әр тұлға немесе кәсіпкер, өзінің заң алдындағы міндеттемесін орындауда алысқа көз тігіп, келешетін ойлап әрекет етуі қажет. Заң бұзбаған, кәсібін бүркемелемеген, табысын жасырмаған жанның енесі биік.

Қазір барлық ақпарат қолжетімді. Электронды кілт бар адам үйде отырып та шаруасын тындыра алады. Қызмет сапасына көңіл толмаған жанды тыңдауға дайынбыз. Себебі, әрбір мемлекеттік қызметкерден білікті, коммуникабельді, сыпайы болу талап етіледі. Және халыққа көрсетілетін қызметті жетілдіру мен бизнеске қолайлы жағдай жасау басты мақсатымыз. Жақында ғана Елбасы жария еткен әлеуметтік жаңғыру жолындағы бес бастаманың екіншісі – жалақысы төмен азаматтардың салықтық жүктемесін азайту – осы мақсатты шараның бірі. Айлық жалақысы 25 еселенген АЕК мөлшерінен төмен қызметкер үшін табыс салығының мөлшері 10 есеге азайтылатын болады және бұл тәртіп 2019 жылдың I қантарынан қолданысқа енеді. Биылғы жылға АЕК мөлшері 2405 теңге, бұл талап 60125 теңгеге дейінгі мөлшерде жалақы алатындарға қатысты болмақ. Мысалы: 50 мың теңге жалақы алатын қызметкердің жалақысынан ұсталатын табыс салығы, қазіргі кезде 1672 теңгені құраса, келесі жылы ол 167 теңгеге тең болады. Елбасының бұл бастамасы жалақысы төмен азаматтардың мүддесін қорғауға бағытталған. Сонымен қатар, бұл шара «конверт» арқылы жалақы төлеу әдісін жоюға әсер етеді, яғни жалдамалы жұмысшыларының көлемін жасыру арқылы салықтан жалтарушыларды «көленкелен» шығаруға және өз шаруашылығы арқылы табыс табатындардың кәсібін заңдастыруына мүмкіндік береді.

Елбасы өзінің «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласында «Мақсатқа жету үшін біздің санамыз ісімізден озып жүруі, яғни одан бұрын жаңғырып отыруы тиіс» деген болатын. Ойымыздан да, ісімізден де ұлттың болашағын ойлаған, келер ұрпақтың қамын жеген шынайы патриотизм көрінетін қауым бола алу – әркімнің қоғамдағы орны мен дербес үлесіне байланысты.

Серік МҰСТАФАЕВ,
облыс бойынша
Мемлекеттік кірістер департаментінің
басшысы.

«АЛТЫН ДӘННІҢ» АДЫМЫ

Атақты диқан, екі мәрте Социалистік Еңбек Ері Ыбырай Жақаев атындағы ауылда атакәсіпті өркендетіп келе жатқан ірі құрылымның бірі «Алтын дән-Шиелі» шаруа қожалығы егіншілері егіс алқабына шықты. Аталған елді мекенде 7 бірдей шаруа қожалығының басын қосып, ірілендірген шаруашылық биыл күрші көлемін 1000 гектарға жеткізуді көздесе, 250 гектар ескі жоңышқалықты да ерте күтімге алып, агротехникалық шараларын жүзеге асырып үлгерді. Ұжымда әзірге 50 ауыл тұрғыны еңбек етіп келеді.

«Алтын дән-Шиелі» шаруашылығы өткен жылы күршінің әр гектарынан орташа 68 центнерден өнім алды. Биылғы межегі де жоғары. Ерте көктемде 20 километр су жолдарын тазалап үлгерген ұжым, егіске қажетті техникаларды да дер кезінде күрделі және жай жөндеуден өткізіп, әзірлігін сақалай-сай етті. Міне, енді шаруашылық төрағасы Асқар Бердібаев бастаған ұжым дала қосы басынан табылып, жерге дән тастау жұмысын қызу жүргізе бастады.

– «Көктемнің бір күні жылға азық» деген қанатты сөзді қайталаудан жаңылыспаймыз, бұл сөз бізді ортақ іске жұмылдырып, сеніміміздің нығаюына сеңтігін тигізеді. Егін егу науқанына 4 шыңжыр табанды және 4 доңғалақты тракторды жұмылдырып отырмыз. Жаңар-жағармай толық. Қажетті минералды тыңайтықштарымыз дайын. Яғни, іріксіссіз өз қоспаларымызды уақытында орындап шығуға мүмкіндік бар, – дейді шаруашылық басшысы бізбен әңгімесінде.

Расында ширақ қимыл шаруаның өнімділігін көтереді. Осындағы механизмдер Құрбан, Оңғар, Нұрболаттардың әбжіл әрекеттері көрген көзді сүйсінтеді. Олармен бірге звено жетекшісі Серікбол Сейтмұханұлы, сушылар Айдар мен Асхат және басқа жұмысшылар да қарбалас тірлік үстінде. Асқар Бердібаевтың сөз басында айтқан көктемнің әр минутының қадірін жете ұғынып, талапқа сай еңбек етулері ертенгі күннің нық тірегі екендігін аңғартады. Ұжым төрағасының айтуынша, аймақ басшысының шаруашылықтарды ірілендіру саясатына сай тағы да ауылдағы 3 шаруашылықты біріктіру жұмыстары жүргізіліп жатқандығын білдік. Яғни, іріленген шаруашылық арқылы ауқымды жұмыстарды ұйымдастыруға жол ашылатынын соғұрлым мемлекеттік қолдауға да ие болатындығын қарапайым ауыл адамдары жете сезіне бастады деген сөз.

Нұрмахан ЕЛТАЙ.
Шиелі ауданы,
Жақаев ауылы.



«МӘДЕНИЕТТІҢ» МЕЖЕСІ БИІК

Жалағаштың Мәдениет ауылында бүгінде 4 шаруашылық ұйымы жұмыс жасайды. Солардың қатарында он жылдан астам тәжірибесі бар «Мәдениет» шаруа қожалығы егін саласында екпінді еңбек етіп келеді. Айталық, өткен жылы егілген 615 гектар күршінің әр гектарынан 58 центнерден өнім алған болса, биыл жалпы аумағы 700 гектар жерге күрші егуді жоспарлап отыр. Шаруашылық төрағасы, аудандық мәслихат депутаты Ақдiлда Қыпшақбаев еңбектен тапқан табысын елмен бөлісіп, ауылдың әлеуметтік саласын көтеруге аянбай үлес қосып келеді.



Халық қалаулысы аудандық мәслихаттың сессияларында ауылдағы көкейтесті мәселелерді көтеріп, олардың өз деңгейінде шешімін табуына атсалысып отырады. Соның бір көрінісі, депутаттың бастамасымен ауыл орталығындағы 4 көшеге жөндеу жұмыстары жүргізіліп, асфальт төселді. Ал биылғы жылы ауылда балабақша, клуб, спорт мектебінің

құрылыстары жүріп жатыр. Бұл жұмыстардың дер кезінде қолға алынып, жүзеге асырылуына да елі сайлаған депутаттың еңбегі бар екені даусыз.

Осыдан бірер жыл бұрын ауылда аяқсу мәселесі шешімін таппай, тұрғындардың есік алдына бақша егуіне ешбір мүмкіндік болмаған еді. Осыны ойға алған шаруашылық

төрағасы ауылдың шығыс бөлігіне аяқсу келтіру үшін «Жоламан» каналын қаздырды. Сонымен бірге, «Майжарма» каналынан қосымша саға ашып, аяқсу келтіріп, «Қорқытбай» каналына жаяу жүргіншілер өтетін көпір салып берді. Осы аумақтан жер ашып, күрші егіп, 200 гектар шабындық жерге су келтірді. Осылайша тұрғындарды толандырған мәселе түбегейлі шешімін тапты.

Сондай-ақ, ол ұрпақ тәрбиесіне бағытталған әрбір шараға көңіл бөліп, азаматтық көзқарасын білдіріп отырады. Ауылдағы I.Қабылов атындағы №32 орта мектепте жыл сайын ұйымдастырылатын «Мектепке жыл» акциясына тұрақты қатысып, әлеуметтік қолдауды қажет ететін отбасыларға қаржылай көмек беріп отырады. Мәселен, өткен оқу жылында мектептің биология кабинетін қажетті оқу құралдарымен жабдықтап берді. Сонымен бірге, ҰБТ-дан үздік шыққан түлектерге де ақшалай сыйлықтар тағайындауды дәстүрге айналдырған. Айталық, бүгінде кәсіпкер А.Қыпшақбаевтың демеушілігімен мектептің екі оқушысы Қытай мемлекетінде шығыс медицинасы және аудармашы мамандығы бойынша білім алып жатыр. Биыл I-ші курсты тәмамдайды.

– Еліміздегі халықтың тең жартысы елді мекендерде тұрады. Сондықтан ауылдағы шаруашылық ұйымдары негізгі жұмыстарынан бөлек, ауылдың барлық тыныс-тіршілігіне

араласып, әлеуметтік мәселелерін шешілуіне атсалысып отырады. Осы тұрғыдан алғанда, біздің де алға қойған міндеттеріміз ауқымды, жұрт алдындағы жауапкершілігіміз жоғары, – дейді аудандық мәслихат депутаты.

Отбасындағы алты баласын, немерелерін жастайынан шаруаға араластырып, шыңдап өсіріп келеді. Соның нәтижесі болар, ұлы Нариман Қорқыт ата атындағы ҚМУ-да оқып, ауыл шаруашылығы саласы бойынша мамандық алды. Бүгінде ол әкесінің сан-салалы тірлігіне қолғабыс етіп, дала жұмыстарына бейімделіп қалған. Алдағы уақытта олар егін жұмыстарымен қатар, мал шаруашылығымен айналысу жайын ойластырып отыр.

Осындай есепті еңбегінің өтеуі болар, өткен жылы елдің алғысына бөленген іскер азамат А.Қыпшақбаев Елбасының Жарлығымен «Ерен еңбегі үшін» медалін иеленді.

Қазіргі таңда көктемгі әзірлік жұмыстарын аяқтаған «Мәдениет» шаруа қожалығы күрші егісіне қызу кірісіп кетті. Мұнда тұрақты еңбек ететін 22 адам жұмыстың жай-жапсарын жетік біледі. Сондықтан биыл да биік межені бағындырып, мол өнім алуға мүмкіндік бар.

Ғазиза ӘБІЛДА,
«Сыр бойы».
Жалағаш ауданы.



Қаладағы №15 мектеп-лицейі өткен оқу жылында БҰҰ-ның Даму бағдарламасы аясында «SAMSUNG» компаниясының демеушілігімен «Жылыжай» жобасының грантын ұтып алған еді. Жалпы құны 2 млн 200 мың теңге болатын жоба оқушыларға тәжірибе жасауға, биология сабағындағы теориялық білімін практикалық жұмыспен ұштастыруға мүмкіндік береді. Жуырда жылыжайда алғашқы өнім жиналды.

Жылыжай туралы білуге барған бізге мектеп басшысы Күміскүл Серкеева жоба жайлы толық ақпарат беріп өтті. Мұнан кейін білім ошағының сыртында орналасқан алаңға тарттық. Іші жап-жасыл. Тартылған жіптерді қиялаған қияр бойын тіктеп, өнім салыпты. Бөлме гүлдерінің сан алуан түрлері де осында. Өсімдіктің хош иісі аңқып тұр. Жылулық бірқалыпты сақталған. Оқушылар көкөністі кезекті ата-аналар жиналысына дайындап жатыр екен. Әрине, жылыжайдың жайқалуы ұстаздар, ата-аналар мен оқушылардың тынымсыз атқарған еңбегінің жемісі деуге болады. Осыдан аз уақыт бұрын топырағы енді өңделіп жатқан алаң бүгінде жасыл желекке айналған.

Жабық алаңнан жылына екі рет өнім алынады. Сонымен бірге мұнда органикалық қалдықтарды ыдыратушы биогумус жасайтын құрттар өсіріледі. Бұл құрттар топырақты құнарландырады. Нәр береді. Оқушылар оқу өндірістік тәжірибеде бақша дақылдарын қалай өсірудің қыр-сырын үйренумен қатар, оны көбейту жолдарын да қарастырып жатыр. Енді қызанақ өсіруді қолға алмақ. Мектеп директоры Күміскүл Серкееваның

айтуынша, жылыжайдағы көкөністер израйльдік әдіспен, тамшылатып суарылады. Сонымен қатар мұнда 40-тан астам бөлме өсімдігі бар. Енді олардың қатарын көбейтіп, сирек кездесетін гүлдерді егуді жоспарлап отыр. «Жылыжай аудандағы мақсаттың бірі – оқушыларды ауылшаруашылық саласындағы мамандықтарға баулу, қызығушылығын ояту» – дейді биология пәнінің мұғалімі.

”БҮГІНДЕ ЖЫЛЫЖАЙДЫ КӨРҮГЕ КЕЛЕТІНДЕР ҚАТАРЫ АРТТЫПТЫ. ӨЗГЕ МЕКТЕПТЕРДІҢ ҰСТАЗДАРЫ ТӘЖІРИБЕ АЛМАСУ ҮШІН АРНАЙЫ КЕЛІП, ЖЫЛЫЖАЙ ЖҰМЫСЫНЫҢ ҚЫР-СЫРЫН МЕНГЕРУДЕ. СЕБЕБІ БҮЛ ЖОБАНЫ БАСҚА БІЛІМ ОШАҚТАРЫ ДА ЖҮЗЕГЕ АСЫРУДЫ ҚОЛДАП ОТЫР.

– Жылыжайдан алынған өнімнен қияр салатын жасап, оны аз қамтамасыз етілген және қоппалалы отбасынан шыққан балаларға берілетін тегін астын тізіміне енгізбектіз. Бұл жөнінде білім бөліміне ұсыныс жасап, ол қолдау тапты. Оқушылар тамақтанғанда өз еңбегінің нәтижелі болғанын көріп, отандық көкеңістің сұранысын арттыруға атсалысады, – дейді мектеп басшысы.

Қысы-жазы жайқалып тұратын бақшаға екінші егу жұмыстары шілде айында жүргізілмек. Қазан айында өнім жиналады. Бастысы, есепті еңбек жемісін беруде.

Сара АДАЙБАЕВА.
«Сыр бойы».
Сурет автордыкі.

ЖАҚСЫЛАР ЖҮР ЖАНЫҢДА

БОЗГӨЛДІҢ БОЗ ЖУСАНЫҢДАЙ БҰЛ АДАМ

Әдетте алдыңғы толқын ағалар туралы, әсіресе ел басқарған тұлғалар жайында әңгімелегенде атқарған қызметін тізіп, атақтарын санап шығамыз. Мұндай мақалалар көбіне мерейтойлар қарсаңында қолға алынады. Бірақ, мерейтойлық мақала інінің ағаға деген көңілауларлық ілтипаты ғана. Онда адами болмыс ашылып, кісілік келбеттің көрініс беруі қиы. Атпал ағалардың маңдайына түскен сызықты кириллица әрпі емес, оны жүрек көзі ғана оқи алады.



...Осындай ой толқынында ескексіз қайықтай екі жағма кезек-кезек ауып, Жарылқасын Шәріпов ағамды іздеп келе жатырмын.

Кезіндеауданбасқарған,қалаәкімі болған кісі, облыстық мәслихаттың тексеру комиссиясының төрағасы, т.б. біраз қызметтердің тізгінін ұстады. Бір адамға кеуде қосарып атак-дәрежелері де бар. Аздап қорқасоқтауыма болады. Бірақ, мен еркінмін, өйкені бұл кісінің қарапайым болмысын жақсы білемін.

...Ол жер жүрегін дір еткізген соғыс басталған жылы Бозгөл деген ауылда өмірге келген нәресте еді. Бұл кездің тумалары балалық шаққа соқпай, ересектермен бірге еңбекке жегіліп кетті. Бүкіл өмірін мал сойында өткізген әке-шешесінің бейнетке белшеден батқанын көріп өсті.

«Балам, оқы, бір жаманның бір жақсысы бар». Бұл – әкесінің айтатыны. «Адал, ақиқатшыл болсаң, алысқа жетесің». Бұл – анасының ақылы.

1963 жылы Ташкенттен ауыл шаруашылығы институтын бітіріп, ауылға келгенде малдың мың батпан бейнетінен аурулы болған ата-анасы совхоздың койын өткізіп, баласының қолына қарады. Көшіп-қонып жүріп, бір баспана да салмаған екен. Енді осының азабын тартты. Бұл Жәкеннің өмірлік жарты, бүгінгі Бибианадай болып отырған Шәмшагул апамен бас қосқан кезі, қолдарында кезек-кезек көтерген бір сәбни бар. Өзі «Бозгөл» совхозының машина-трактор шеберханасына жұмысқа орналасты.

Қара күз еді. Нағашылары кесек құйып үй тұрғызып берді. Күн суып кеткенде мұздай лаймен сылап, сол үйге кіріп алды. Кеше көтерілген үй қайдан жылысын, сылағы шөлдің тақирындай қак-қак айрылды. Сонда жылуынан маңдай жібімейтін бір бөлмеге барнай бұйғытып отыратыны Жәкеннің әлі күн көз алдында тұр. Үлкен жылынбаған үйде бала шыдасын ба, өкпесін суық алған нәресте шетінен кетті. Балпанақтай болып қалған ұл бала еді. Кейде сол күнәсіз сәбидің бірдене айтыпак болғандай екі қолын созып үмсанғаны елестейтінін кайтесің. «Мына дүниенің жылуы жоқ екен ғой» дегісі келе ме?..

Өмір көшінде Жарылқасын тізгін тартып, артына қарайлайтын уақыттың жоқ екенін жақсы түсінді. Жұмыс дегенде күн мен түнді есепке құрған жоқ. Жас азаматтың көптің мүддесіне көз жұмбай қарайтынын басшылар да байқамай қалмады. 28 жасында совхоз директоры болды. Оны бұл сенім биігіне әкелген анасының сөзі – адал еңбек, ақиқатшыл мінез. Дәл осы жас кезеңінде он мыңдаған мал бағып, жүз мыңдаған ақша ұстайтын совхоз басқару да бір, борап тұрған окқа қарсы бүкпай жүгірген солдат да бір еді. Алматыға, Орталық комитетке бекуге барғанында Мельник деген ОК хатшысының: «Саған директорлықтың керек не?» – деп одыраа қарағаны бар.

Жарылқасын шаруашылық жайын өзінің жай-күйіңдей ұғатын,

оған қоса қарапайым жұрттың тілін тауып, сырын түсіне билетін ілгерішіл башы болды. Бұл біліктілігі оның қызметте одан әрі қарай өсу жолын қалыптастырды.

1986 жылдың қараша айында қыс кеш түсетін Қызылды қар басып қалды. Бұл кезде Жәкен аудандық ауылшаруашылығы басқармасының басшысы болатын. Мал қашырымының ашық қорада отіп жатқан уақыты. Бет қарапайтын бораннан аудан мен шаруашылық арасындағы қатынас үзілді. Ал, қойға жем, қойшыға тамақ керек. Малдың өріске шықпай, басын қораға тығып жатып қалғаны туралы рациямен хабар берілді. Басқарма басшысы төтенше жағдайдың тізгінін өзі қолға алды. Он жүк көлігіне жем тиіп, ауданнан 220 шақырым қашықтағы «Қызылқұм» совхозына қарай асықты. Орталыққа жеткенімен, мамандар «мұнан әрі қарай жол жоқ» деп төмен қарады. «Жол жоқ болса, тарттық жолсызбен!» Шәріпов шарасыз үйі кешкендерді селк еткізді. Қызылдың ішіндегі қойшыларға бару мына жағдайда шынында жанныан безу еді. Мал жемі мен азық-түлік тиелген көліктер қозғала берді. Табан жолды көру мұң. Қар көмген жолда ауыр машиналар айналшықтап қалды. Әйтеуір әуірім әрекеттің арқасында көліктер тасбақа табандап жылжы берді.

Қойшылар бұлардың келгеніне қуандың орнына қорқып кетті. Боран астында үсіп өлу қаупі бар еді. Жарылқасынға ол ой келмедті, оның ойында әкесінің сөзі – «Бір жаманның бір жақсысы бар».

1991 жылы Қазалы аудандық партия комитетінің 1-ші хатшысы болды, сосын кеңес төрағасы, одан әрі қарай қызмет атауы аудан әкімі болып өзгертілді. Жарылқасын Шәріпов аудан басшылығына кеңестік жүйе тарап, шаруашылықтар жекешеленіп жатқан кезеңде келді. Ел-жұрт қызылу жүріп, көбесі сөгілген мұз үстінде қалғандай қиын шақта басшылық қызмет бұрынғыдан бірнеше есеге ауырлай түсті. Бірақ аудан әкімі соның бәрінде біліктілік, көрегенділік көрсетті. Үкіметтің де талабын орындады, халықтың да қажетін тапты.

Шаш етектен келген шаруашылық жұмысын айта берсек, шығандап кетеміз. Жарылқасын Шәріпов ауданға басшылық жасаған сол тоқсаныншы жылдардың басында алтындарымызды аршып, асылдарымызды ардақтаудың кезеңі келіп жетті. Соның бір қазак халқының айбынды батыры, азаткер Жанқожа Нұрмұхаммедұлын ұлықтау ісі еді. Халық батырына ескерткіш кесене тұрғызу жұмысы қолға алынды. Сол күннен бастап Жәкеннің жаны тыныш таппады. Түрегеп тұрып ас ішіп, көзін ашып ұйықтады дегендей күндерді басынан өткізді. Ауылдағы жұмысты айналасына тапсырып, ескерткішке қажетті құрылыс кесті-таратын өзі іздеп кетті. Шәуілдірге шапқылап, Арыстанбаба ат шалдырып, «Акиректің» тасын алдырты. Күндіз-түні кесене құрылыстарымен қатар жүріп,

есекрткіш еңсесі көтерілгенде өзі де жерден көтеріліп кеткендей кең тыныстады.

1992 жылы қазан айында екі айға созылған қауырт іс аяқталып, кесененің ашылу салтанаты өтті. 200-ден астам ақбоз үй тігіліп, мыңнан аса адам қатысқан ас берілді. Осы жауапты жұмыстың басында Жәкен башы да, қосын да болды. Ол кезде мың адамды былай қойғанда, жүз адам шақырып той жасауының өзі неғайбыл болғанын бүгінгі адамның бірі блсе, бірі білмейді.

Алдымен жұмыс жиырмадан астам мекемеге бөлініп берілді. Қаражатсыз қарекет еткендердің өзі қаншама. Солардың бірі де бірденем жоқ деп айтпады. Батыр Жанқожаның рухымен жігерленді, башы Жарылқасынның сөзімен қайраттанды.

Самұрат Имандосов, Ахметжан Оразбаев, Мұратбай Сәлімов, Кәтебай Смағұлов, Әзім Әліпбаев, Амангелді Ақбаев секілді серке азаматтар аудан басшысымен тізе қосып, ортақ істің ортасында жүрді.

Күні бүгінге дейін сол кезде соғылған баба кесенесіне келіп, батыр рухына дұға бағыштап, тізесін бүгіп, тәу ететіндер қатары сиреген жоқ. Ол дәл осылай ғасырлар бойы жалғаса бермек.

Ел қамын жеген ердің басынан не күндер өтпеді. Қазір арқасында аңызaktan cінген cыз білінбейді, алақанында жұмыстан жұққан із көрінібейді. Бірақ, Жарылқасын Шәріповтің атқарған ісі, көрген бейнеті уақыт көзін бір сүртіп қарасаңды жарқырап шыға келеді.

1994 жылы облыс басшысы Сейілбек Шаухамановтың шақыртуымен облыс орталығы – Қызылордаға қала әкімі болып келді.

Қаланың жағдайы ауданнан да ауыр екен. Көпқабатты үйлердің өкіресіндегі су бірінші қабаттағы потердің ішіне жайылып жатқанын да көрді. Электр өшіп қалады, құбыр тесіліп кетеді. Қаланы аралап кешке кеңесіне келсе, есігінң алдында адам топырлап тұрады, кіргізбейді, жүргізбейді. Бір мәселе былай қалды, әр адамның басында он-оннан мәселесі бар. Осындайда Жәкен өзіне өзі күбірлеп сөйлейді: «Бір жаманның бір жақсысы бар».

Солай болды. Жамбасы көрпеше, басы жастық көрмей жүріп, бұл кезеңнен де бері шықты.

1996 жылы Жарылқасын Шәріпов Қызылорда облысы бойынша қылжымайтын мүліктер орталығының директоры болып тағайындалды. Жеті жылға жуық осы мекемені басқарған Жәкеннің халық мүддесі үшін қаншама әділетті істердің қорғаушысына айналған кезі осы тұс. Сәтүмен, әлүмен жүретін өмір ғой, сол кезеңде қарапайым жұрттың өз мүлкін заңдастырудың біраз машақаты болды. Негізінен мекеме жекеменишіктік құқықты заңдастыруды жүзеге асырып қана қоймай, мүлік бағасын шығарып, оның қорытындысын салық органдарына береді, сол бойынша мүлік иелерінен салық ұсталады. Ол кезде халыққа қызмет көрсету орталықтары құрылмаған болатын. Сондықтан барлық ауырлықты осы

орталық көтерді. Басты мақсат әрбір адамның мүлкіне төлқұжат жасалуы тиіс, олардың ісін шешуде қиянатқа жол берілмеуі қажет. Орталық директоры Ж.Шәріпов сондай әділетсіздіктермен қанша рет бетте бет келді. Араға адам салып, ірі ғимараттарды заңдастырып алғысы келгендер де болды. Ондайлар өз ісіне адал Жәкен сөзін өткізе алмасын біліп, қоканлоқшылық та жасап көрді.

«Ақыры барып жатам бір, Сен айтпа маған тамұқты. Тапқан екенсін а, тағдыр, Талқына көнер ғаріпті» – деген өлеңді Есенғали ақын осы ағам үшін жазғандай екен. Жәкен ештенеге илікпеді. 1991 жылы қоғам мүлкінің пышақ үстінен бөліске түсіп кеткенін көрген башы заң күші бар құқығын жан баққандарға ұстатқан жоқ. Оңайдан көп мүлікке ие бола кеткісі келгендер әртүрлі жол қарастырды. Заң органдарының шешімін әкелді. Осы шешімді негізге алып, мен жақсы болып отыра берсе де болар еді. Бірақ орталық басшысы Жоғарғы сотқа арыз түсірді. Ақыры, өз ісінің ақтығын дәлелдеді, қоғам мүлкін заңсыз қожайындардың қолына өткізбеді.

2003-2011 жыл аралығында облыстық мәслихаттың депутаттық мандатын алған Ж.Шәріпов мәслихаттың тексеру комиссиясының төрағасы болды.

Жәкеннің ел мен жұрттың жағдайына көбірек алаңдап, көбірек үлес қосқан кезеңі де осы жылдары секілді. Сол кездерде «келешегі жоқ ауылдар» деген бір мәселе көтерілді. Кезінде Қазалы ауданынан 180 шақырым қашықта жатқан Ажар аулы келешегі жоқ ауыл санатына кірген. Осы ауылға барып тұрған электр бағандары мыс желілерімен қоса пысықайлардың қолында кетіп, ауыл сегіз жылдай электр жарығынсыз қалған. Міне, Жәкеннің көтерген мәселелерінің бірі сол еді. Бір жылы Германияның Дрезден қаласына барған сапарында жел электр стансалары туралы біраз нәрселерді зерттеп қайтқан Жәкен осы ауылды жел электр стансасы тәсілімен жарықтандыруды ұсынған. Мұның қаржысын теңдермен жеңіп алғандар желмен айналатын қалақшаларды көз қылпып көтеріп, жарықты ақыры дизельмен беретін мотор орнатыпты. Сонда электр жарығын туралы бері бірінші мәрте көріп тұрған алты жасар ауыл баласы қорқып далаға қашыпты. Әлгі баланың басындағы хал Жәкеннің жүрегінен өтті. Содан кейін осындай көзбояушылықтармен қалай жалғаласпаны. Оның осы белсенділігін байқаған сол кездегі облыс басшысы Жәкенді қабылдауына шақырып, келешегі жоқ бірнеше ауылдың тізімін алдына қойды.

– Осыны арнайы көз жеткізіп қайтқан маман дәлелдеп отыр, – деді.

– Соны айтқан адамның өзінің келешегі жоқ! – деп ашуландаң Жәкен қабылдаудан шығып кеткен. «Алла кеудемнен жанымды алсаң да, жүрегімнен иманымды алма» дейтін Жарылқасын ағаның мұндай батылдығына қалай тәтті болмасын.

Бір жылдары Қызылорда облысының экологиялық жеңілдігін алып тастау туралы пәрмен берілді. Бұл мәселемен де бел кеткенше күрескеннің бірі Жәкен еді. Осы жөнінде облыс басшысының алдында аз топтың ішінен шығып, азаматтық сөзін айтқан кезі болды. Арада шамалы уақыт өтпестен Ыдырыс Қалиев пен Жорабек Сарбаларов телефон шалып, «Экологиялық жеңілдік жөнінде ашы шындықты айтыпсың, бәрекеңде» – деді. Сол кезде екеуі де ауруханада жатыр екен. Жарықтықтар аурып жатса да, ел қамын жеп жатыр екен ғой. Осы сөздің қапелімде оларға жете қоюы үндемегені болмаса бұл мәселеге қаржы пікірлердің көп екендігін аңдатады. Бірақ, дер кезінде ашып айтуға әркімнің батылы жетпегені шың!

...Алдына еркінсіп кірген мен Жарылқасын ағамның әңгімесін тыңдап отырып, өткен дәуірдің хаты иректелген жүзіне имене қаралым. Құдай-ау, осынша қиындықты көтеріп, бүгінгі күнге қалай жеткен?

...Бозгөлдін боз даласында жусан деген жұпар иісті шоп өседі. Мысырда он жеті жай билік құрған бабамыз Сұлтан Бейбарыс қазақ даласын сағынғанда жусанды іскеп мауқын басады екен. Бұл шөптің адамның жан дүниесіне қалай әсер ететінін осыдан-ақ біліңіз. Ол барлық ауруға дәру бола алатын қасиетке еге. Бірақ жайқалып алыстан көз тартпайды. Қазақтың «бетегеден биік, жусаннан аласа» дейтіні сол.

Мен Жарылқасын ағамды осы жусанға ұқсатам. Қанша зәрудің мұқтажына дәру болды, оны санай алмасын. Қасына барып әңгімелесе қалсаң, жан тынысың ашылып сала береді. Өзін ешқашан биік санаған емес. Ағамның осы қасиеттері шынында да жусанмен тамырлас секілді, Бозгөлдін боз жусанымен.

**Дүйсенбек АЯШҰЛЫ,
«Сыр бойы».**



МЕРЕЙ



СЫРДЫҢ СЕРІК СЕРІСІ

Сыр елі алыстан атын, жақыннан затын жазбай танытын талант иесі Серік Ыдырысов Қармақшының киелі топырағында дүниеге келген.

Базар жырау, Кете Жүсіп, Ешнияз сал, Шораяқтың Омары, Тұрмағанбеттен бері Жиенбайдан Көшенейге дейінгі қоныраулы көш жыр дариясының маржанын тізіп бүгінге жетті. Алмастың асыл ойымен, Арнұрдың ақ домбырасымен, Серіктің серке сөзімен ертеңге бет түзеп бара жатыр. Бір парактың көлемі, бір сөздің беделі азық қылатын қасиетті өлкенің ақын-жырауларын түгел түстеп, түгесе атап отырмағанымыз белгілі, әрине. Біз сол бір сактияң саңдықты ашып, дарияның тамшысы, дүлдүлдің қамшысындай сөз ұстасы осы бүгін ата жасына келіп отырған Серік Ыдырысовқа сөз арнамақпыз.

Серіктің әке-шешесі Махмұт пен Күләйша «Жанақала» совхозының шопаны болатын. Бала Серік баябан даланың кеңдігін кеудесіне сыйдырып, жалдына жақсылардың ғиыратын түйіп өсті. Оқушы кезінде-ақ үш ауыз сөз айтса, екеуін ұйқастырып тұратын. Оған қоса домбыра тартты. Сүйлейлердің саз-мақамдарына салып, небір термелерді айтуды меңгерді. Сондықтан 1975 жылы мектеп бітірісімен арман қанатына мініп, Қызылорданың пединститутына келді. «Оқысаң жарқыраған жырау, арқыраған ақын боласың» – деді үлкендер. Бірақ, институтта жыраулық оқуы жоқ болып шықты, ешкім бұл жерге ақын боламын деп те келмейтін көрінді. Мейлі, өзінде бар нәрсені оқып қайтсін. Есесіне филология факультетінің ән-музыка дейтін бөлімі бар екен. Сол бөлімнің студенті атанды. Шынында институт білгенін биіктеге түсті. Жанақорған дейтін көктемі ерте шығатын жердің сұлу қызы Бибіжандай жар тапты.

Төрт жылдан соң екеуі қол ұстасып «Жанақалаға» келді. Өзінің алтын ұясы №185 мектепке біреуі музыка, біреуі қазақ тілі пәні мұғалімі болып жұмысқа тұрды. «Жас келсе – іске» деген, жас маман Серік Ыдырысов мектеп оқушыларынан оркестр құрды. Біреулен домбыра, біреулен сырнай табылды. Оларға сыбызғы мен қобыз қосылды. Не керек, осы оркестрдің даусы ауылдан асып, ауданға жетті. Тіпті, оны сол кезде Ленинск деп аталатын Байқоныр телестансында қызмет ететін Темірхан Әбейтөгов пен Шәкізгада Әбдікәрімов естіп, арнайы келіп, таспаға түсірді. Көп ұзамай ол Алматы телестансынан жарқ ете қалды. Мектеп балалары өнерінің бүкіл қазаққа таратылуы ауыл емес, аудан тарихында бірінші мәрте еді. Бұл Серіктің еңбегімен келген жаңалық болды.

1982 жылы аудандық білім бөлімінің басшылығы Серік пен Бибіжанды совхоздың «Кекірілі» бөлмешесіндегі сегізжылдық мектепке жіберді. Негізгі мақсат ауыл балаларының өнеріне қолдау білдіру болатын. Бұл мектепте де оқушылар оркестрін ұйымдастырды. Ауыл балалары өнерге шептен икемді екен. Сөйтіп, 1 мен 8-ші класс аралығындағы балалардан топтасқан тағы бір оркестр құрылды.

Сол жылы 7 қараша қарсаңында ауылға обкомның 2-ші хатшысы Виктор Голубенко мен ауданын 1-ші басшысы Елеу Көшербаев келді. Шаруашылықты ғана көріп қайтпасын, балалардың өнерін де тамашаласын деп басшыларды мектеп оркестрі күй ойнап қарсы алды. Сонда облыстан келген башы басын шайпап танырқалды.

Келесі жылы мұғалімдердің аудандық тамыз мәслихатында сөз сөйлеген аупарткомның 1-ші хатшысы Елеу Көшербаев «Серік Ыдырысовтың атын атады. Оны үлгі қылып, мұндай маманды аудан орталығына алдыру керектігін айтқан. Содан кейін ол кісінің өзі басқа қызметке ауысты да, Серік екі-үш жыл сол ауылда қала берді.

Айтпақшы, басшылардың сол сапарындағы бір қызық оқиға еткен кетпейді. Үлкен кісілер оркестрді тыңдаған соң кластарды араланды. Бесінші кластың сабағына кіргенде сөз бастап, бір нәрсе айтуды керек болған мектеп директоры:

– Балалар, алдымызда қандай мейрам келе жатыр? – деп сұраған. Оқушылар «Октябрь революциясының күні келе жатыр» деп жауап беруі керек еді. Бірақ олар мұндай саяси сұрақты бірінші рет естіп тұрғандай тым-тырыс қалды. Сонда арт жақтан бір баламын:

– Қойқашырым мейрамы келе жатыр, – деп санқ ете қалғаны.

Шынында қой фермасы үшін қойқашырым науқаны да бір мейрам. Осы науқанда ақталған үйге қызыл шүберектер ілініп, ауылға автолаука, автоклуб, тіпті ауданнан әрістерге де келетін. Осы тұрғыдан баланың жауабы дұрыс еді. Бұл жердегі ыңғайсыздықты үлкендердің күлкісі ыдыратып жіберді.

1986 жылы облыстық айттыс өтті. Ол уақытта айттыстың басы-қасында Шайтұрсын Әбдібаев пен Жәдігер Тұрсынов жүретін. Бұл айттысты да солар ұйымдастырып ашты. Сонда ауыл мектебінен шақырылған Серік айттысқа бірінші мәрте шықты. Сол шығысында-ақ көрерменнің ықыласына бөленді. Айттыстан соң Павлодарда өтетін республикалық айттысқа кімдердің баратыны хабарланды. Бұл тізімде Серік жоқ еді. Жұрт орнынан көтеріле бергенде көп арасынан бір кісі дауыстай сөйледі.

– Сырдың намысын жоқтайтын, сөздің намысын жоғалтпайтын адам керек десендер

4 №58-59 (19541-19542)
21 сәуір, сенбі
2018 жыл

Серікті неге қоспайсыңдар? Ал, анау Бекұзактың ақындығына неге бойламайсыңдар? Қосыңдар екеуін!

Бұл өтініш-пікірден гөрі бұйрыққа ұқсайтын сөз еді. Мұны айтып тұрған генерал Есен Демесінов екен.

Сол сөздің пәрменімен Серік пен Бекұзақ та Павлодарға барды.

Павлодарда Серік Әселхан Қалыбековмен, Бекұзақ Көпбай Омаровпен айттысы. Бекұзақ өзінің «Аралдың табанынан су кеткенмен, халқының жүрегінен жыр кеткен жоқ» дейтін атақты өлең жолдарын сол айттыста алғаш рет айтып, жұртты дүр сілкіндірді.

Осы айттыстан соң Серіктің аты да шарықтап кетті. Ауылға келген соң ауданның 1-ші басшысы Әбдіразақ Әлібеков екі-үш жыл бұрынғы Елеу Көшербаевтың сөзін еске салып, «Кекірілі» мектебінің мұғалімін аудан орталығына алдыртты. Екі бөлмелі үй бергізді. Ерлі-зайыпты мұғалімдер осылайша Жосалыдағы №121 мектепке орналасты.

Сол кезден бастап Серік әр айттысқа шақырту алатын болды. Әр айттыстан жүздемен оралды. Серіктің суырыпсалмалығы өте жылдам. Айтар сөзін жаттап келген сияқты дейін десеп, аяқасты уәжіне қарап қайран қалмасына тағы болмайды. Оны өзі қатарлы басқа өнерпаздан даралаған осы бір қыры.

Кезінде Манап пен Махамбетқали ақынның тәрбиесін көп көрді. Солар қайда жүрсе, Серік сонда жүрді. Зәмәдин Ибадуллаевтың сабағын алды.

Серіктің суырыпсалмалығын мойындаған мәдениет басшылары оны үлкен жерлердегі, қонақ қарсы алудағы арнау айтуға жиі алдыратын.

Әлі есінде, 1992 жылы Алматыда Дүниежүзі қазақтарының құрылтайына келген Президент Назарбаевтың алдынан шығып арнау айтатын болды. Президент келе жатқанда аспанды бұлт бұып тұрған. Бір кезде ол кісі көп аламын қоршауына аялдады. Серік арнаулы бастай бергенде жанбояр да себелей жөнелді.

Патша да бір құдайдың құлы емес пе, Нұрағам алты Алаштың үйі емес пе.

Өзіңізге еріп келген апнақ жауын,

Болашақ халқымыздың нұры емес пе?! – деп Серік те төкті. Ақ жауын да бір, ақыннан шығып жатқан өлең де бір, құйып берсін. Бір кезде баяжалып көзін салса, Елбасы ризашылықпен көл шапалақтап тұр екен.

Серік Индия премьер-министрінің, Финляндия, Түркия президентінің, Түркменбасшының алдында арнау айтқан ақын.

Сөз жоқ, мемлекет басшыларының мысы басалды. Қазақ айтпақшы, олар жай адам емес, құдайдың жердегі көленесі. Серік соның біреуінде де сүрінген жоқ. Осыған байланысты оған «сарай ақыны» деп ат таққандар да бар. Кейбіреу мұны кемсіту деп ұғалды екен. «Сарай ақыны» мемлекет атынан сөйлейтін ақын, ол той ақыны емес. Ертеде сарай ақынына патшаның жанынан орын берген. Егер Серік елімізге келген бірнеше мемлекет басшысының көңілін аулап, онан өз халқына пайдалы бір қадам жасауына себепші болып жатса, онда оның атын дәрежесіне қарай тым биікке қойсақ та арыс емес.

Осындай дәреже биіктігін ақынға шәкірттері сый қылды. Шәкірт демекші, осы өңірдегі жыр мен жыраудықтың жолында жүрген қаншама өнер өкілдері өздерін Серік Ыдырысов пен Алмас Алматовтың шәкіртіміз деп санайды.

Былтыр сол шәкірттері – Л.Әбдіхалықова, Ш.Сүлейменов, М.Ниязов, Н.Мансуров, М.Бай-дәулетов, К.Түрікпен, Н.Бердіқожа, М.Айтбай, М.Дауылбай, Б.Қарғабаев, М.Сүттібаев, тағы да басқалары өзара ақылдасып, ақынның өліс жасына дайындығымыз болсын деп қолдарымен қаржы жинап, Серік Ыдырысов атындағы жыраулар мектебін ашты. Аты солай болғанымен, бұл мектепте ішкендік сөз, айттыс өнері, асабалық, жыр-термешілік деген секілді бірнеше дәріс жүргізіледі. «Үйренушінің жасына да пиек қойылмайды. Қазір мектебіміздің ең жас шәкірті 4 жасар Аруна Нұрлан бытырдан бері отыздан аса терме жаттапты, сахнаға да шығарып жүрміз» – дейді мектептің жетекші ұстазы Мақсат Дауылбай. Айтса айтқандай, бұл мектептің талапты жасқа үйретері көп екен. Әзірше, демеушілікпен жұмыс жасап отырған мектеп болашақта бюджет қаржысымен жұмыс істей бастаса, онда Сері елінің сарқылмайтын бұлақтай дә



www.syrboyi.kz

АЛЕҰЫМЕТ

5

№58-59 (19541-19542)
21 сәуір, сөнбі
2018 жыл



"Syr boyi" gazetiniń arnaiy beti

«DAMU MED» – ТИІМДІЛІГІ ЗОР ТЕТІК



Елбасы тапсырмасына сәйкес денсаулық сақтау саласын цифрлық бағдарламаға көшіру бағытында облыс көлемінде ауқымды жұмыстар атқарылууда.

Жалпы саланы медициналық ақпараттық жүйемен камту электронды денсаулық сақтауды дамыту концепциясына сәйкес 2015 жылдан бастап қолға алынған. Сол жылдардан бастап тәуліктік стационарларда «Жетісу» медициналық ақпараттық жүйесін енгізу жұмыстары жүргізілсе, 2016 жылы облыстық жедел жәрдем стансасына «Көмек» жүйесі енгізілді. Ал бастапқы медициналық-санитариялық көмек көрсету ұйымдарына өткен жылдан бастап «Кешенді медициналық ақпараттық жүйесі» енді. Қазіргі таңда облыстың медициналық ұйымдарының ақпараттық жүйемен қамтылуы 100 процентке жеткен.

2018 жылдың ақпан айынан бастап тұрғындарға ақпараттық және электронды көмек көрсету мақсатында «DAMU MED» медициналық ақпараттық жүйесінің мобильді қосымшасы енгізілді. 18 сәуір күнгі есеппен 20 829 тұрғын тіркелген. Жыл соңына дейін облыстың интернет белсенді тұрғындарының 30%-ін мобильді қосымшамен камту жоспарлануда.

«DamuMed» мобильді қосымшасында «Менің жазылуларым», «Менің шақыртуларым», «Менің отбасым», «Хабарландырулар», «Дабыл түймесі», «Еңбекке жарамсыздық парағы», «Рецепттер», «Зертханалық зерттеулер» модульдері қарастырылған.

«Менің жазылуларым» және «Менің шақыртуларым» модулі арқылы тұрғындар дәрігерге алдын ала жазылып, үйге шақырту мүмкіндігін және емханаға жазылғаны туралы хабарлама ала алады.

«Менің отбасым» модулін отбасы мүшелері де қолдана алады, яғни отбасындағы қарт кісілер мен балаларға шақыртулар мен дәрігерге алдын ала жазылуға мүмкіндік бар.

«Хабарландырулар» модулінде алдын ала хабарламалар түсіп отырады, тұрғындар скринингтік, флюорографиялық, алдын ала медициналық тексеруден өту және т.б. хабарламалармен танысады.

«Дабыл түймесі» модулі арқылы Жедел жәрдем қызметіне жүгінуге мүмкіндік алады, бұны тек жүкті әйелдер, 5 жасқа дейінгі балалары бар ата-аналар және диспансерлік есепте тұратын науқастар ғана қолдана алады.

«Зертханалық зерттеулер» арқылы, тапсырылған зерттеулер нәтижелерін емханаға бармай, мобильді қосымшаның осы модулі арқылы көреді.


Жалпы, «DAMU MED» медициналық ақпараттық жүйесінің тұрғындар үшін тиімділігі жоғары. Себебі, емханаға бармай-ақ, осы жүйенің көмегімен қажетті маманды үйіңізге шақыртуға, қабылдауына жазылуға, көмек алуға мүмкіндік бар. Бұл саланы цифрландыру бағытындағы жұмыстардың бір парасы ғана.

Айнұр БАТТАЛОВА,
«Сыр бойы».

КЕҢЕС

КӨКӨНІС ТҰТЫНҒАННЫҢ КӨҢІЛІ ТОҚ

Елбасының биылғы Жолдауында аурудың алдын алудағы ақпараттандыру жұмыстарын жетілдіруге үлкен мән берілді. Өзін-өзі сауықтыру, қимыл-қозғалыстың болуы, гимнастика, жаяу жүру, әсіресе салауатты тамақтану – ағзаны сауықтырудың басты шарты. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының деректері бойынша, адам денсаулығы өмір сүру салтына, қоршаған ортаға, генетикаға көбірек тәуелді, ал, денсаулық сақтау ұйымдарына 10 % ғана тәуелді болады екен.



«Ауру – астан» деп халқымыз айтқандай, дұрыс тамақтанбау артериалды гипертензия, инсульт, инфаркт, кант диабеті, артроздар, онкологиялық ауруларға тікелей себепкер болып отыр.

Үнемі ашуланып, күйгелектену, әсіресе отбасындағы ұрыс-керіс, ұзаққа созылған күйзелістер иммундық жүйенің катерлі ісіктен сақтандыратын жасушаларды бөліп шығаруын тоқтатады. Бұл онкологиялық аурулардың бас көтеруіне тікелей себеп болады. Нәрестелердің шала туылуы, сүйек ақаулары мен мещелге шалдығуы ана ағзасында қажетті дәрумендердің жетіспеушілігінен. Ағзада мыс, күміс, алтын жетіспесе, адам шашы мезгілінен бұрын тез ағарып кетеді. Бор жетіспеушілігі әйелдерде – эстроген, ерлерде тестостерон гормондардың тапшылығына әкеледі. Мырыш жетіспесе, дәм сезбейсіз. Ал бір қалыңидің жетіспеушілігінен остеопороз-артроз, артериалды гипертензия, ревматизм, бронхалды астма, геморрой, бауыр мен бүйректегі тастардың пайда болуы сияқты 147 ауру туындайды екен.

Түз бен қантты көп пайдалану тәбетті арттырып, қан тамырларын бітеп тастайды. Бұл аллергия, тамырлардың варикоз ауруы, семіздікке алып келеді.

Скрининг тексерулерден өтіп, жан мен тәнді бірдей сауықтыруға күш салуымыз керек. Адам жанын емдемей, тәнін емдеуге болмайды. Жан азығы – иман нұры.

Түз бен қантты пайдаланбай, қуырылған сүрленген тамақтардың орнына бұқтырып не суға пісіріп жеген жөн. Қалды орнына өрік, мейіз, құрма, кепкен жемістер, жаңғақ, балды пайдалануға болады. Ақ нанның орнына қара нан не жүгері нанын жеу аса пайдалы.

Дәрігерлер пірі – Хакім Ұлықпан екі нәрсені, Құдайды және өлімді ұмытпа деді. Алла қасиетті Құранда еттен бұрын жемістерді жеу керек делі. Тез жазылып кетемін деген ниеттің өзі аурудан жазылып кетуге болатынын дәлелдеді.

Бәлтірік шешен жан мен тәнді бірдей сауықтыру үшін жеті нәрседен қашық жүр деген. Данышпан адамның салауатты өміріне – күншілік, астамшылық, қарулық, бәлекорлық, ынсапсыздық, сараңдық, ғайбатшылық деген жаман қасиеттердің келергі келтіретінін болжаған.

Типпократ «Ішкен тамағың дәрі болсын, ал дәріңіз тамақ болсын» – делі. АҚШ профессоры Митчелл Құдайға құлшылық жасап, дұға оқу көмегімен 500 аурудың сауығып жақсарғанын айтқан. Ізгі дұға оқу судың зиянды бактерияларды жойған.

Қорыта айтқанда, Құдайға күніне бес рет құлшылық жасау секілді күніне бес рет көкөніс жеу – денсаулық сақтаудың басты кепші.

Қойлыбай БЕКПЕЙІСОВ,
дәрігер-травматолог.
Шіелі ауданы.



Өткен жылдан бастап Ұлттық бірыңғай тестілеудің жаңа форматы енгізілді. Осыған сәйкес жалпы мектеп бітірушілер үшін қорытынды мемлекеттік аттестаттау мектеп базасында, ал жоғары оқу орнына түсуге талапкерлер үшін Ұлттық бірыңғай тестілеуді өткізу пункттерінде өтетін болады.

Білім және ғылым министрлігінің 2018 жылғы 27 ақпандағы № 74 бұйрығына сәйкес мектеп бітірушілер үшін қорытынды аттестаттау 29 мамыр - 30 маусым аралығында жүргізіледі. Онда бітіруші түлектер ана тілінен, Қазақстан тарихынан, алгебра және анализ бастамаларынан және таңдау пәнінен емтихан тапсырады. Бұдан соң маусымның 15-не дейін бітірушілерге орта білім туралы аттестат беріледі. Ал жоғары оқу орнына түсуге талапкерлер 20 маусым – 1 шілде аралығында қаладағы және аудан орталықтарындағы тестілеу пункттерінде ҰБТ сынағынан өтеді.

Жалпы облыс бойынша биылғы оқу жылында мектепті 7102 оқушы бітіретін болса, оның 5196-сы, яғни 73 проценттен астамы ҰБТ-ға қатысуға ниет білдірген. Нақты айтар болсақ, Арал ауданы – 62,8%, Қазалы ауданы – 75,6%, Қармақшы ауданы – 76,1%, Жаалағаш ауданы – 77,0%, Сырдария ауданы – 73,5%, Шіелі ауданы – 66,2%, Жанакорған ауданы – 60,1%, Қызылорда қаласы 82,3% қатысуы жоспарланған.

Бүгінгі күні барлық мектептерде

бітіруші түлектің білім деңгейі мен қабілетіне қарай бағыт бағдар беріліп, қандай оқу орнында қасиет білім алуға болатындығы жөнінде түсіндіру, талдау жұмыстары жүргізіледі. Соның нәтижесінде, бітірушілердің 73 проценті жоғары оқу орнына түсуге қабілетті деген болжам бар.

Оқу жылының басынан облыстық білім ұйымдарында қорытынды аттестаттау мен Ұлттық бірыңғай тестілеуге дайындық жұмыстары жан-жақты жүргізіліп келеді. Ол үшін қажетті байқау сынақ кітапшасы алынып, мектеп бітірушілер айнаа екі-үш реттен сынама тест тапсыруда. Тест қорытындысы бойынша білім беру ұйымдарында, білім бөлімдерінің кеңес отырыстарында пән мұғалімдерінің қатысуымен талдау жасалып, тиісті шешімдер қабылданып отырады. Осындай талдау нәтижелері бойынша биылғы жылдың қантар айында «Алтын белгіге» – 472, «Ұздік аттестатқа» 289 үміткер тіркелсе, наурыз айында бұл көрсеткіштер өзгеріп, «Алтын белгіге» – 430, «Ұздік аттестатқа» – 289 үміткер анықталды. Аталған үміткерлерге білім бөлімдері

ТАЛҚЫ

ҚАПТАҒАН «ҚОСЫМША»: ҚАЖЕТІ БАР МА?

Төртіншіде оқитын Тұрар сабақ қиындап кеткелі репетитор жағалауға мәжбүр. Ойын баласы болғасын ба, өзі сабақта отырма да, бар ойы, аңсары далаға ауады да тұрады. Ұлы үшін алаңдаған әкесі мен шешесі мұғалім жалдап та көрді, біраң-саран оқу орталығына да апарды. Одан ештеңе өзгере қойған жоқ, өткенде үйіне жақын маңдағы оқу орталығына барған. «Ә» дегеннен мұғалімнің балалармен қарым-қатынасы ұнамады. Алайының «тұйыпсыңдар» деген сөзіне шамданған Тұрар содан бері «қосымшасы құрысын» дейтін болды.

Баяғының балалары сабағына барып келіп, бір мезгіл асыр салып ойнайтын. Қазір қалай? Қаптаған дамыту, оқу орталықтары, екінші бір баласын соған береді. Мұның қажеттілігін, неге көбейіп кеткенін білу үшін данышпан болудың қажеті шамалы. Бірінішіден, баласының оқуын қадағалап отыратын адам аз. Күні бойы жұмыста болып, кешке үйіне сүрлігіп жететін ата-анадан оны талап ете де алмайсың. Уақыт жетіп тұрғанымен, кейбіреудің ұлы мен қызының оқуына көмектесуге білім деңгейі жете бермейді. Оның үстіне, осы заманғы білім жүйесі күрделі әрі шым-шытырық. Оқулық жиі өзгереді. Ақпарат толассыз ағылып жатыр. Ғалымдардың пайымдауынша, әр саладағы ақпарат 4 жылда ескіреді. Демек, 4 жылда ақпарат екі есе өседі. Егер дұма қарқыны осылай жалғаса берсе, болашақта ақпарат әрбір 78 күнде еселеніп отырады. Бұл бүгін білгенің ертең ұмытылып, көздеге жарамауы мүмкін деген сөз. Балалардың тынымсыз білім алуының бір ұшын осыған әкеп тіредік. Бұдан да басқа себептерін білетіндермен әңгімелесе отырып тарқатып көрейік.

Сонғы уақытта «ментальды арифметика» деген мода шықты. Балалар саусақтарын жыбырлатып ойша есептеп жатады. Бұл оның болашағына, өміріне қажет пе, жоқ па, үлкендердің шаруасы шамалы. Өйтпей, күштен қалмау керек. Баланың миын керекті-керексіз дүниелер толыра берудің не керекті бар, түсінбеймін.

Бір сұхбатында академик Асқар Жұмаділдаев: «Дүниеде пайдасыз нәрсе көп қой. Мысалы, темекі. Ол пайдалы ма? Жоқ, бірақ бәрі тартады. Ментальді арифметика пайдалы ма? Жоқ. Ол да – темекі сияқты керек емес өнердің біреуі. Дәлірек айтсақ, бұрын болмаған өнер. Бұдан жүз жыл бұрын ешқандай компьютер, калькулятор болмаған. Сол кезде жапондар мен қытайлардың ойлап тапқан өнері. Онда екі танбалы санды екі танбалы санға көбейтеді. Сіз оны бір минут көбейтесіз, ол отыз секунд. Ал не болыпты?! Оны калькулятормен есептей салған оңай ғой. Бас сол ақымақ есепті шығару үшін керек пе? Бас тірлік жасау үшін керек», – деген еді. Ал біз осы күні баланың басына бәрін тықпалаймыз кеп. Білім артық болмайды, бірақ...

МЕКТЕПТІҢ МҰҒАЛІМІНЕН АРТЫҚ ОҚЫТПАЙДЫ

Алтынсары ШҮРЕНОВ,
Қызылорда қаласындағы №261
орта мектеп директоры:

МҰНДАЙ ОРТАЛЫҚТАРДЫҢ КӨКСЕГЕНІ – АҚША ТАБУ. ОНДА ЖҰМЫС ІСТЕП ЖҮРГЕНДЕРДІҢ ДЕНІ – МЕКТЕПТЕН ШЫҚқан МҰҒАЛІМДЕР. АТА-АНАЛАР БАЛАЛАРЫН ОРТАЛЫҚТЫҢ АТАҒЫНА БОЛА ЕМЕС, МҰҒАЛІМНІҢ САУАТТЫЛЫҒЫНА, ТӘЖІРИБЕСІНЕ, БЕДЕЛІНЕ ҚАРАП ӘКЕЛЕДІ. СОНДЫҚТАН ОҚУ ОРТАЛЫҚТАРЫНЫҢ ЖҰМЫСЫН ЖОЛҒА ҚОЙЫП, МЕМЛЕКЕТ ТАРАПЫНАН ТАЛАП ҚОЯТЫН, БАҚЫЛА ОРНАТАТЫН КЕЗ ЖЕТТІ. ӨЗІРГЕ БІЛІМ САЛАСЫНДАҒЫ ҚҰЗЫРЛЫ МЕКЕМЕЛЕР ОЛАРҒА ӨЗІНІҢ ЕРЕЖЕСІН ЖҮРГІЗЕ АЛМАЙДЫ. ОРТАЛЫҚ АШқан ҚАНДАЙ ДА БІР КӘСІПкер БАЛАНЫ БАРЫНША КӨПТЕП ТАРТУҒА ТЫРАСАДЫ. Ал оған қандай білім берілетініне бас ауырып жатқаны шамалы. Бұл саладан хабары жоқ адамның өзі айналасына тамыр-танысын жинап алып та жұмысын жүргізе береді.

Ата-аналарда «баламызды осындай орындарға берсек, білімді болып шығады» деген түсінік қалыптасқан. Бірақ ешкім мектептің мұғалімінің артық оқытпайды, осыны білген жөн. Орталықта сабақ беретіндер алдындағы 5-10 баланың қамын ойлап, қызылкенірдек болады деп ойламаймын. Баланың ынтасы, қабілеті болып тұрса, еңбегінді ақтап, өзі-ақ әрі қарай алып кетеді. Ал ештеңеге зауқы жоқ оқушыны төбесінен төмпешітеп, мұрнынан сүйреп қайтпей?! «Жаны ашымастың қасында басың ауырмасын» деген бар ғой, бұл да сондай нәрсе. Мен

«БЕСКЕ» ОҚУМЕН ІС БІТПЕЙДІ

Әлия БАУЫРЖАНҚЫЗЫ,
ата-ана:

Баланы қосымша білім беретін орталықтарға апарғаннан гөрі спортқа, кәсіпке баулыған дұрыс. Өзім сойтемін. Бір ұлым қарағз үйірмесіне барып жүр. Екінші ұлымды да, бұйырса, спорт мектебіне апарармын. Ал қыздарымның тігіншілік, аспаздық сияқты қандай да бір іске икемі болғанын қалаймын. Ағаш жөнү, кіріші құю, тағысын тағыларға ер балаларды жастайынан баулу өте маңызды. Өйткені жігіт жар, әке болғанда дым білмегеннен өзі онық жейді. Кейбіреулер бар: мектепте сабақты кіл «беске» оқыған, бірақ осындай ұсақ-түйек қолынан келмейді, өмір сүруге бейім болмайды.

Одан кейін балаларымның Абайдың өлеңдерін, батырлар жырын оқуына көңіл бөлемін. Оқыл, мына тоқыған жағдайда әртүрлі әдіспен ынталандырамын. Адам мұндай шағында таза, пәк болады. Не бар, сол күншіне қабылдайды. Бастауынштың баласы мұндай дүниелерді түсіне қоймауы мүмкін. Бірақ, болашақта есте сақтағаны қажетіне жарайтынын білемін.

Қызылорда қаласындағы 2014 жылы ашылған «Білім академиясы» оқу орталығы балаларға әртүрлі пәндер

тарапынан және «Ustudy» оқу орталығының дайындаған тестілеу кітапшаларымен сынама жүргізіліп, сарапталды.

Бітірушілерді ҰБТ-ға даярлауда жыл бойы облыс аумағындағы лагерлерде арнайы курстар ұйымдастырылады. Онда білікті пелагогтар жұмыс жасап, бітіруші түлектердің білім деңгейін арттыруға барынша үлес қосып келеді. Соңғы үш жыл көлемінде ҰБТ көрсеткішінің сатылап жоғарылай бастауы – осы жұмыстардың нәтижесі. Сондықтан аталған шараларды ұйымдастыруға был қала бюджетінен – 15,5, ал аудандарда 4 млн –13 млн теңге аралығында қаржы бөлінді.

Сонғы көрсеткіштерге сүйенсек, сала жұмысы серпін алып, орташа білім деңгейі жыл санап жоғарылап келеді. Сондай-ақ, мектептердің материалдық-техникалық базасы жоғары талаптарға сай жабдықталған. Себебі, бұған облыс бюджетінен жеткілікті қаржы бөлініп отыр. Одан бөлек, 2013 жылдан бастап халықтың осал топтарынан шыққан студенттерге облыс әкімінің гранты тағайындалып келеді. Грант иегерлері еліміздің алдыңғы қатарлы жоғары оқу орындарында білім алады. Бүгінгі таңда олардың 116-сы қолына диплом алып, өз мамандығының иесі атанды.

Ғазиза ӘБІЛДІ,
«Сыр бойы».

ПАЙДАСЫ БОЛМАСА, КЕЛМЕС ЕДІ

Гүлнұр САЛХАДИНОВА,
«Білім академиясы» оқу орталығының директоры:

Ашылғалы бері орталықта шамамен 700-800 бала курстардан өтті. Математика, орыс, қазақ, ағылшын тілдері, химия, физика пәндерін қосымша оқитамыз. Одан бөлек, ментальді арифметика, жылдам оқу, шахмат үйірмесі жұмыс істейді. 2017 жыл біз үшін жемісті болды. 16 бала ментальді арифметикадан республикалық жарысқа қатысып, барлығы да жүлделі орындар алды. Арифметикалық төрт амалды қолдана отырып есептеудің бұл әдісі зейін қою білуге, фотографиялық есте сақтау, логикалық ойлау қабілеттерін жақсартуға көмектеседі. Осының барлығы жинақалға келіп балаларын сабақ үлгеріміне әсер етеді. Ментальді арифметиканы игеру курсы 2,5-3 жылға дейін созылады. Бірақ көбінің оған шыдамы жетпейді.

Қызылордалық Gayhar Омарованың сегізіншіде оқитын қызы қаладағы осындай орталықтардың біріне барып жүр. Содан бері ағылшын тіліндегі білім деңгейі біршама өскен. Бірақ оған дейін есігін қаққан «қосымшалар» еш пайда бермегенін айтады.

АҚШАНЫ ДАЛАҒА ШАШЫП КЕЛІППІЗ

Gayhar ОМАРОВА,
ата-ана:

Балам кейінгі оқу орталығына барғалы 4 айда 13 санат бойынша оқып, білім алып шықты. Ағылшын тілінде еркін сөйлей алады. Бұрынғыға қарағанда айырмашылық аспан мен жердей. Бұлай болады деп ойлағанымыз да жоқ. Өйткені ұлымды талай оқу орталығына апарып көрдім, бірақ еш пайдасы тимеді. Ақшаны далаға шашқандай әсерде болдық. Ал қазіргі орталық туралы құрбымнан естіп, білдім. Мұндағы мамандар баламнан тест сынаған алғанда білімін төмен деп бағалады. Сөйтіп, ағылшын тілінде А мен В-ді ажырата алмайтын сатыдан таңаларлық деңгейге көтерілді.

Бұл жағдай да бала мен ата-анаға орталықтың өзі емес, тәуір мұғалім, сапалы білімнің маңызды екенін көрсетеді. Ең бастысы,

баланың тілін таба білетіні, сабақты жанын салып түсіндіретіні маңызды. Өрине, әкі нәрсенің дұрыс-бұрысы уақыты келгенде айқындалады. Бірақ, кейбір орталықтың қызметі ата-ана үшін ақша шашу, ал кейбірінң жұмысы сапалы екенін таразылай білу қазір өте маңызды болып тұр.

Назерке САНИЯЗОВА,
«Сыр бойы».

Қызылорда облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы, мемлекет және қоғам қайраткері Сейілбек Шаухаманов Жалантөс баһадүр туралы алғашқы деректердің туған еліне қалай оралғаны туралы естеліктермен бөлісті. Киелі әулиелердің мекенінде мәңгі тыныс тапқан ұлы тұлға Ислам дінін ерекше құрмет тұтқан. Түркі халықтарының тағдырында шешуші рөл атқарған Тұран батырының ұлы есімі ұрпақ жадында мәңгі жаңғыра бермек. Өзбекстандық ғалым Эркин Мусырманов баһадүрдің Шығыс сәулет өнерінің інжу-маржандарына айналған ғимараттары туралы тың ойларын ортаға салды. Жалантөс батыр даңқты қолбасшы болумен қатар, Шығыс елдері мәдени тарихында

Қазығұрттың басында кеме қалған – деп әйгілі аңызда жырлағандай тұс ауа қасиетті, табиғаты көркем Қазығұртқа жеттік. Осындағы Нұқ пайғамбардың кемесі қайырлаған киелі орында кеме­нің символдық ма­ке­ті тау ба­сында мәнмұнда­лайды. Ша­рап­ха­на елді мекенінде халық қаһармандары Салқам Жәңгір хан мен Жалантөс баһадүрге арналған еңселі ескерткіштің ашылу салтанаты өтті. Ескерткіштің лентасын қоғам қайраткері Қ.Айтаханов, Ө.Озғанбаев, С.Шаухаманов бастаған ел ағалары салтанатты жағдайда қып, халық ақыны Әсетхан Қалыбекова бұл шараның ұрпақ үшін маңызы зор екенін айтты. Шымкент-Ташкент халықаралық күре

жеңіске қол жеткізуде ерекше көзге түскен екі қолбасшымен бірге, Шапырашты Қарасай, Арғын Ағынтай, Алшын Жиәмбет, Қаңлы Сарбұқа, Найман Көксерек, Дулат Жақсығұл, Суан Елтіңді және қырғыз Көтен мен Табай батырлардың аты-жөндері енді өшпестей етіліп, гранит тасқа қашалған. Аталған қабырғаның ортасына ескерткіш кешеннің Орбұлақ шайқасындағы ұлы жеңістің 375 жылдығына арналғаны туралы қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде түсініктеме жазылған, белгітас орнатылған. Ескерткіш кешен мұнан әрі «Жастар саябағына» жалғасалды.

Орбұлақ шайқасына арналған мемориалдық кешенді белгілі аза-



ҚИЯЛ ҚАЛАМЫНЫҢ ҚЫРАНЫ

Өмір деген осы. Бабалар салған жолменен рухани өміріміздің шырақшысы, қара сөздің қаламдозы, қиял-ғажайыптың шабандозы, талпынып ұшқан талай жас таланттардың ұлағаты ұстазы осыдан төрт жыл бұрын дүниеден озды. Бірақ жүрегімізде ғажайып баяны қалды.

ОРБҰЛАҚ ШАЙҚАСЫ: ТАРИХҚА ТАҒЗЫМ

сәулет өнеріне ерекше көңіл бөлген. Оның әмірші болған кезінде Самарқанның көркі адам танымастай құлпырады. Әйгілі Шердор, Тіліз Кари медреселері сәулеті жөнінен адамзат тарихында белгілі орын алады. Парсы, Ауғанстан елдеріне барған жорықтарында ол жердегі ең шебер ұсталарды әкеліп, құрылыс салдырған. Жалантөс Самарқандты көрейткен, теңдесі жоқ ғимараттар салған Әмір Темір, Ұлықбек секілді ұлы тұлғалармен қатар аталады. Өзбек ғалымы қос елге ортақ батырдың тарихын зерттеуде бірлесіп атқарар жұмыстардың баршылық екенін еске салды.

Конференцияда белгілі ғалымдар Амангелді Айталы, Бүркіт Аяған, Дария Қожамжарова, Зиябек Қабылдинов және басқалары мазмұнды баяндама жасады. Бұл құнды деректердің барлығы да арнайы шығатын кітапқа енгізілетін болады. Айтулы шараға арналған облыс әкімі Қырымбек Қошераевтың құттықтау хатын «Нұр Отан» партиясы облыстық филиалы төрағасының орынба-



сары Ержан Байтілес табыстаса, «Жалантөс баһадүр» республикалық қорының төрағасы Нәжмадин Мұсабаев ұйымдастырушыларға батырдың бейнесі салынған кілемше сыйға тартты. Басқосу қабылдаған қарарда үкіметке Жәңгір хан мен Жалантөске Астана мен Алматы Самарқан қалаларында ескерткіштер орнату, шайқас тарихы туралы мектеп пен жоғары оқу орындарының бағдарламасына арнайы тарау енгізу, әскери оқу орындарында соғыс тактикасын оқыту жөнінде ұсыныстар айтылды.

1 бет

ЕРЛІГІ ЕЛГЕ МӘЛІМ ХАН СЫРЛЫБАЙ

Ұлан байтақ жерін алакөз жаулардан қорғау үшін ат арқасына қонған батыр бабаларымыздың есімі ел жадынан өшкен жоқ. Соғалардың қатарында Сыр топырағынан да елге қорған болған талай ерлер шыққан. Азаттық жолында ту көтерген ерен батырлардың бірі – Сырлыбай Шабәкұлы.

Ол қазіргі Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, «Өркендеу» ауылына жақын орналасқан Ақтөбе деген жерде 1818 жылы дүниеге келді. Оның өмірі сол тұстағы сан түрлі қиын кезеңмен тұспа-тұс келеді. Әбілқайыр хан Кіші жүзді қазақ жерінің батысына орналастырғанда Әлімнің Кішкене деген аталығын Сырдария бойы, Арал теңізінің солтүстік шығыс бетіне қоныстандырған. Кішкененің үлкен баласы Жиенейден Әлімбет, Әлдеберлі елі және Құттықожа деген үш ұл тарайды. Бізге белгілі Сырлыбай хан Құттықожаның баласы.

Бірде Хиуа ханының зекетшілері қарапайым халыққа әлімжеттік көрсетіп кезекті алым-салық жинап, жылқы, сиыр мен қойға қырғандай тиіп әкетіп бара жатып, көзге түскен 14-15 жас шамасындағы Сырлыбайды да ала кетеді.

Еті тірі Сырлыбай жиырмадан жана асқан шағында Хиуа шахына кенесіп болады. Жиырма жылға жуық сол елде кіші хандықтың бас уәзірі атанып, хан дәрежесіне дейін көтерілді. Кейін елге қайтып, атақты батыр Жанқожа Нұрмұхаммедұлы бастаған топқа қосылып, Сыр, Арал бойы казактарының патшалық Ресейдің отарлау саясатына қарсы 1856-1857 жылдардағы көтерілісінде мыңбасы сайланды. Мұнан кейін Қазалы уезі, Ақтөбе болысында болыс болған Сырлыбай Шабәкұлы елді ауызбіршілікке жұмылдырды.

Шырайлы жерді өзіне қаратып, жергілікті халықты сабылтып қойған орыс билеушілерінің сүркія саясаты Жанқожаның ашу-ызасын туырды. Қартайса да, ел қамқоршысына айналған батыр 83 жасында айбалтасын білегіне іліп, қайта атқа қонды.

жолының аталған елді мекен тұсындағы биік жотада Орбұлақ шайқасының 375 жылдығына арналған ерекше мемориалдық кешен бой көтерді. Оның қасбетінде Жәңгір хан мен Жалантөс баһадүрдің ат үстіндегі бейнелері ерлік рухын көтереді. Ал осынау «Батыр бабалар» мемориалдық кешені орналасқан алаңның сыртқы жағын тұтастай тұйықтайтын гранит қабырғада бірнеше паннолар орналасқан. Оның бірі «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» атанған зар заманды бейнелейді. Екіншісінде Орбұлақ шайқасының көріністері айшықталған панорамалық қабырғада ұлы

мат, «Жеті жарғы және Қожаберген жырау» халықаралық қайырымдылық қорының төрағасы, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, заңгер Бекет Тұрғарев өз қаржысына салдырған. Мұндай ауқымды істі бір өзінің атқарып шығуы шараға жиналғандардың үлкен ризашылығын туғызды. Ұлтын сүйетін бірегей Бекет бұл жұмысты бастамас бұрын Орбұлаққа барып шайқас өткен жерді көріп, сонда шейіт болған сарбаздарға құран бағыштап қайтыпты. Ал бытыр қаңтар айында Самарқандқа жол тартып, Дағист қыстағында Махуми ағзам қожа қорымында жатқан Жалантөс баһадүрдің басына барып құран бағыштап, тағзым еткен. Осылай ұлы бабалардың рухымен сырласқан ол тау басында алып кешенді салып, президенттік парызы мен қарызын өтеп, халық игілігіне берді. Жиында боздақтарға құран бағышталып, ас берілді.

Шараға қатысқан облыс делегациясы құрамындағы белгілі азаматтар Қуанышқали Шапшанов, Сайлаубай Әбішов, Бегімбай Ұзақбаев, Болатбек Пұсырманов, Жұлдызбай Мұсаев және басқалары онтүстікте өткен үлкен шараның тағмылы мен өнегесі мол болғанын айтты. Рухани жаңғыру кезеңінде мұндай жұмыстардың жас ұрпаққа берері мол болуымен қатар, ұлтымыздың бірлігі мен тірлігіне алтын арқау болатыны ақиқат. Тарихқа тағзым етіп, бабалардың өшпес ерлігін дәріптеудің жарқын көрінісі осы шара болды. Өйткені, Орбұлақ шайқасы ұлт тарихында алтын әріптермен жазылған жасампаз жеңіс.

**Жұматәлі ӘБДРАМАН,
«Сыр бойы».**

**Қызылорда-Шымкент-Қызылорда,
Бағдат ЕСЖАНОВ (сурет).**



жарқын болашақтың көкіжектерін үйлесімді сабақтастыратын ұлт жадының тұғырнамасы» делінген. Батыр тұлғаларымыздың ерлігі мен өнегесі бүгінгі ұрпаққа дәріптелуі керек. Халық өзінің тарихын, тегін, ата-бабасының кім болғанын, қандай батырлар шыққанын білуі міндетті.

«Тарихты білмей – келешекті болжау қиын», – деген екен Әбу Насыр әл-Фараби. Сыр өңірінің перзенті, батыр Сырлыбай Шабәкұлының туғанына биік 200 жыл. Сырлыбай батыр сияқты тарихи тұлғалардың қазақ тарихындағы орын айқындап, жас ұрпаққа жеткізу парыз. Батырдың ғиратты ғұмыры өскелең жастарға өшпес өнеге болып, тарих беттерінде қатталып қалуы тиіс.

**Мырзахмет ТОЛЫБАЙ,
зейнеткер.**

Ағымдағы жылы қазақ қиялтану жанры мен әдебиеттану, яғни фантастикатану салаларында өзінің көркем туындылары және ерен зерттеулерімен жұртшылыққа мәлім Абдул-Хамит Мархабаев 80 жасқа толар еді.

Галактиканың да, күн жүйесінің де, жер планетасының да физикалық, химиялық, биологиялық және басқа ғылыми-жаратылыстың қыр-сырларының фантастикалық моделін жасау арқылы шығармашылық шыңына шыққан қазақ қиялының қыраны Хамағаң – текті тұлға болатын.

Хамаң 1938 жылы 17 сәуірде айдыңды Арал теңізінің Көкарал аралында қоныс тепкен Ауан ауылында дүниеге келген. Әкесі Файзулла Жұбаншайыұлы ауыл наубайшысы еді, анасы Сәби Сұлтанқызы күйеуі майданға аттанғанда осы жұмысты жалғастырды. Хамаң – Сыр сүлейі Нұртуғаннның жиені.

Абдул-Хамит Мархабаев 1956 жылы Арал қаласындағы №13 қазақ орта мектебін ойдағыдай бітіріп, еңбек жолы мектептегі пионерлердің аға жетекшісі болудан бастайды. Өрімдей он тоғыз жасында коммунистік партияға мүше болады. 1959-1964 жылдары Қазақ мемлекеттік университетінің филология факультетінде (журналистика бөлімшесі) дәріс алып, 1964-1967 жылдары республикалық «Білім және еңбек» ғылыми-көпшілік журналында әдеби қызметкер, бөлім меңгерушісі қызметтерін атқарады. 1967 жылдың қазан айынан Қазақ мемлекеттік университеті журналистика факультетінің қазақ журналистика кафедрасында алдымен ассистент, бертің келе оқытушы, доцент болды. Ол университетте каламгерлер қауымына дәріс беруден қол үзбей жүріп 1975-1980 жылдары республикалық «Білім және еңбек» ғылыми-көпшілік журналының бас редакторы қызметін атқарады. 1973 жылдан Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі.

Өзі қиялгер-жазушы болғандықтан қазақ фантастикасына да, әдебиетіне де айрықша көңіл бөліп, қазақтың салт-дәстүрі, әдет-ғұрпы мен өнерін де егейіткен жоқ. Менің осынау пайымдарыма сол кездегі «Лениншіл жас» газетінің бас редакторы, жазушы, марқұм Сейдахмет Бердіқұловтың айтқан мына бір сөзі айқын айғақ болса керек.

– Абдул-Хамит, «Білім және еңбек» журналын өзін қолға алғалы оқырман назарын қатты аудардың. Сенің журналың халықтың тыныс-тіршілігін жан-жақты қамтитын кең ауқымды, зиялылар ордасының журналы болды. Ғылымның барлық саласын қамтып келесің. Сол тәрізді техника мен ғылым журналы бола тұра, әдебиет пен қазақ тарихын ақсатып алып та келесің. Осы шабысыңнан шаршамай, қарқынынан қайтпай өрге ұмтыл. Менің айтағым, редактордың да редакторы болады, мына сен – нағыз редактордың өзісің.

Хамағаннан бес жас үлкендігі бар марқұм Сәкеннің осынау жүрекжарды пікірін айтуы тектен-тек емес. Айтса айтқандай, Хамаң – білімді де білікті, ізденімпаз, ақ жолдан адаспай жүретін текті тұлға.

Ол әлдекімдер тәрізді қылопсытқан, тақ пен даңқ құмарлықтан бойын аулақ ұстайтын тумысы белек жан еді. Содан болар оның өр кеудесінде орден, медальдар емес, қазақ халқының кесегісі мен бүгінгісі, ертеңгі тарихы, ел-халықтың ақ алғысы мен текті тұлғалардың ақ тілектері тұнып тұр.

Хамаңның айтуынша, жүре­гіндегі жазуды қағазға түсі­руге қолына сығымдай қалам ұстаған сол бір жылдың көктемі тым жаңбырлы болған. Күндіз­түні ақ жаңбыр толас таппаған. Жаңбырлы күн мен түн Хама­ның көңілін өз туын-

өскен Арал теңізінің көктемгі сеңіндей астаң-кестең етпесі бар ма? Ойы толқындай тулап, шағаладай шарқұрды. Ойынғажап қиял билеп алған, оған көңбеске лажды тағы жоқ. Хамаңның тұл­ бойын буып тастаған бұл алпы күш «Ғарыштағы қымыз» атты алғашқы кітабының толғағы еді. Абдул-Хамит Мархабаевтың осынау тұңғыш туындысы қиялгер қауымды елең еткізді. Осыдан бастап Хамағаң әдебиеттанудың тағы бір тыны – фантастикатанудың туын қазақ әдебиетінде тұңғыш көтерген тұлға болды. Бертін келе қиялгер-каламгердің жүрек жазбаларынан туындаған «Арал әуендері», «Балалардың аман қалғанын айт», «Жарылқаушы», «Тосан ғарышхат», «Шаян планетасы, сен кінәлісің», «СП сокты!» атты қиял-ғажайып және детективті-криминалды оқиғаларға қанық әдеби-көркем дүниелері оқырман қауым жүрегінен орын алды.

Хамаңның Қазақстан ЛКСМ Орталық Комитетінің хатшысымен тікелей сөйлесетін қызыл телефон безек қағып қоя берсін. Телефон тұтқасын көтерді.

– Жакында Мәскеуде «Молодая гвардия» баспасы ұйымдастырған Одақ аумағындағы қиялгер-жазушылардың кеңестік мәжілісі өтеді. Қазақ фантастикасының бүгінгі әл-ахуалы жайлы баяндама жасауыңыз керек.

...Мәскеудегі КСРО Жазушылар одағының Әдебиетшілер үйінің мәжіліс залы жазушылар мен әдебиет зерттеушілеріне, сыншыларға лық толыпты. Кеңестер Одағынан жиналған қиялгер-жазушылар ғана емес, шетелдерден келген қиялгерлер де баршылық екен. «Қазақ әдебиетінің фантастика жанрының хал-ахуалы жайында қиялгер-жазушы, ғалым Абдул-Хамит Мархабаевқа сөз беріледі» деген хабарламадан соң Хамағаң мінбеге көтерілген.

Хамағаң баяндамасын байыппен бастап, асықпай, аптықпай қазақ қиялы жайлы бүге-шүгесіз баян етеді. Қазақ халқының бай ауыз әдебиетінің таңғажайып аңыз-ертегілерінен бастау алған бүгінгі қазақ фантастикасының жағдайына жан-жақты тоқталып, тыңдаушыларын баурап-ақ алды. Хамаң баяндама барысында орыс қиялгерлері А.Толстойдың, А.Белявтің, А.Казанцевтің фантастикалық шығармалары мен әлемдік фантастика үлгілерін жасаған Р.Шекпидің, А.Азимовтың, Р.Бредберидің салған жолы қайталанбас мектеп екенін де ашық айтты.

Осы сапарында Хамаң әлемге әйгілі қиялгер Александр Казанцевпен бетте-бет диаларласып, ашық әңгімелеседі.

– Мен – қазақстандықпын, туған жерім – Ақмола, – деп әңгімесін бастаған А.Казанцев А.Мархабаевтың баяндамасына өте жоғары баға береді.

Әңгіме енді қыза түскенде жандарына ағылшын қиялгері Герберт Уэлстің туындыларын зерттеуші Юлий Кагарлицкий келмес пе?

Ол: – Хамит мырза, мәжіліс аяқталысымен біздің үйге келесіз. Мен сізді есік алдында күтемін, – делі де профессор мырза залға беттеді. Ал, А.Казанцев болса:

– Сіз бақытты жансыз. Профессор мәскеулік қиялгерлерді үйіне шақырмақ түгілі сөйлеспейді де, – деп Хамаңның нығынан қағып-қағып қойды.

Хамаң осы сапарында мәскеулік қиялгер Юрий Медведевпен де етене танысып, ерекше жакын тартты. Юрийдің өзі Алматы облысының Ша­рын ауылында дүниеге келіпті. Хамаңның жерлесі, әрі әріптесі. Осы кездесуде Хамаң Юрий Медведевке «Шоқ жұлдыз» атты фантастикалық повесін берген болатын. Юрий оны орыс тілінде жарыққа шығарды.

Хамаңның шығармаларымен Ресей, Украина, Молдова елдеріндегі қиял сүйер қауымдар да етене таныс.

Хамағаң әлемдік фантастика жауһарларының шығармаларымен қазақ оқырмандарын таныстыруда да тәржімеші мәртебесінде ауыз толтырып айтарлықтай үлес қосты. Осының айна қатесіз бір айғағы, орыс фантастикасында өзіндік орны бар В.Михановскийдің казакша сөйлеген романы – «Шексіздікке шеру». («Шаги в бесконечность»). Сол сияқты Америка фантастикасының маңдайалды 16 қиялгерінің басын біріктірген жинақ – «Фантастикалық Америка Әф-санасы» да Хамаңның ұтымды дүниесі.

Сөз орайы келгенде айта кетейік, Абдул-Хамит Мархабаев – қазақ әдебиетіндегі фантастика жанрының тарихы мен теориясын зерттеуші тұңғыш, оны айтасыз бірден-бір ғалым. Ол 1971 жылы «Қазақ фантастикасының қалыптасу жолдары мен даму тенденциялары» тақырыбында филологияғылымныңкандидаттығын корғаса, 2006 жылы «Қазақ әдебиетіндегі фантастика поэтикасы» тақырыбында докторлық диссертация қорғады. Зерттеуші мәртебесінде «Қолыңды әкел, келешек» «Қазақ фантастикасы: кеше, бүгін және...», «Қазақ фантастикалық әдебиеті», «Қиялгер қысындары-1», «Қысында қазақ қиялы» тақырыпты көлемді монографиялары бар. Әдіскер-ұстаз ретінде Хамаңның қарымды қаламынан «Ислам – Ғылым Журналистика», «Ислам ілімі – ғылым алгоритмі» (Соңғысы А.Құрманбаевамен бірігіп жазылған) оқулық кітаптары дүниеге келіп, жоғары оқу орындарының студенттері тұшымды дәріс алуа.

...Осыдан шамасы алты жыл бұрын ұлағаты ұстазыммен ашық әңгімелескенім бар. Сонда Хамаңның айтқаны:

– Фантастика жөніндегі материалдарды осыдан түп-тура жарты ғасыр, яғни 50 жыл бұрын жинай бастаппын. 1958 жылғы «Әдебиет және искусство» («Жұлдыз») журналындағы Ақжан Машановтың «Қысында қиял да – әдеби жанр» мақаласы әлі қолымда. Одан соң мен үшін ерекше қымбат жазушы Виктор Шкловскийдің ертеректе: «Қиял баспалдағы жарға апарып тірейді» дегені құлақ түбімде әлі күнге дейін күмбір қағумен келеді. Содан болар жетпіс бес жастың желкесіне мінсем де осы бір ақ жолдан адаспай келемін, – деген еді.

Асыл ағамыз ғұмырының соңғы жылдары алапат аурумен алысумен өтті. Соның өзінде қолынан қаламынан түспеген еді. Жас талапкерлердің жазбаларын оқып, өңдеп, бағыт-бағдар берді. Мұны ерлікке тән еңбек десе де болады.

Абдул-Хамит ағамыз ағайынға адал, кімге болса да қызмет етуге дайын, жүзінен мейлінше жылы шуақ, мейірім төгіліп тұратын азаматтықтың заңғары, сара сөздің сардары еді. Осы қаламгерлік мұратының мұзарт шынына шықса да аспайтын, тасымайтын. Осындай асыл ағамыздың абыройына семіріп, маркайып жүретін журналистер жүздеп саналады. Апырай, көбіміз сонынан қалмай қуалап жүретін «абырой» деген шіркіннің Хамағаннның ауылына атын байлап, есігіне еңкейіп кіріп қонаға жатады екен-ау деп таңғалатынбыз. Оның қаламы қайратына, шынайы шыншылдығына, әдеби әмбебаптығына қайран қалатынбыз. Қиялтану жанрындағы шығармаларын оқығанда, ел мен жер, тарихының тағы бір құпиясын ашқандай күйге түсетінбіз. Содан да оның жарқын бейнесі жүрегімізде мәңгілікке сақталумен келеді.

**Еркін ӘБІЛ,
жазушы-журналист.**

ТЕРГЕУ ҚЫЗМЕТІНЕ ТӨЗІМДІЛІК ПЕН ҚЫРАҒЫЛЫҚ ТӘН



Тергеу қызметінің аса жауапты міндеті – ар алдындағы адалдық. Темірдей төзімділік, қырандай қырағылықты талап ететін қызметтің әр күні қым-қуыт оқиғамен өріліп, әрбір істің түйінін тарқатуға арналып жатады. Бұл орайда біз Қызылорда қалалық ішкі істер басқармасы бастығының орынбасары, полиция полковнигі Берік Сәрсеновпен әңгімелескен едік.

– Берік Жүзбайұлы, тергеу қызметі өте күрделі. Бұл салаға қызығушылық қалай туындады? – Әрине, бұл өте жауапты жұмыс. Ішкі істер органында 1997 жылдан бері жұмыс істеп келемін. Соның ішінде тергеуші қызметін атқарғаным 16 жыл болды. Аталған қызметке келуімнің бірден-бір себебі, балалық арманым. Оқушы кезімде детективті кинофильмдерді көп көретінмін. Фильм актерларына еліктеп, іс-әрекеттерін қайталап, соны айнытпай жасауға талпынатынмын. Милиция формасына, шен таққан аға-апалардың тіп-тік, сұлу бейнесіне, жанқалтасындағы қаруына қызыға қарайтынбыз. Соларға ұқсасам деген арманым осы қызметке әкелді.

– Тергеушінің ұстанымы, өзіне қояр талабы жөнінде айтып өтіңізші... – Бүгінгі нарықтық заманда қандай мамандық болмасын, білімді, білгір, табанды болмасаң, шеберліктің шыңына жету қиын. Соның ішінде тергеу саласында талап пен жауапкершілік өте жоғары. Өйткені жәбір көрген азамат алдына көмек сұрап келгенде, заңды орнымен қолданбасаң, тергеушінің өз жауапкершілігі қаралады. Атыңа кір келтірсе қана қоймай, жалпы тәртіп пен заң жолында қызмет ететін әріптестеріне, бүкіл жүйеге күйе болып жағылатыны тағы бар.

Сондықтан, тергеуші сауатты, заман талабына бейімделген, жаңа редакцияда да, бұрынғы қолданыстағы заңдарды да толық меңгерген, үнемі ізденісте жүретін тұлға болуы қажет. Екінші талап, тергеуші психолог болып, алдында жауап беріп отырған адамның сөйлеу мәнеріне, әрекетіне қарап шындықты не жалған айтып отырғанын пайымдап, сезе бітуі керек. Үшіншіден, тергеушінің қызметі інменем құдық қазғандай десе де болады. Ерінбей, талмай ізденуі керек. Бастысы, өз қызметін адал атқаруы, заңсыздыққа бармауы. Өзім осы қағидаларды ұстандым, қазіргі көрсеткішке қол жеткізудің де сыры осында деп ойлаймын.

Бұл қызметке қымыстық іс түпкілікті шешімін тауып, тараптардың, әсіресе жәбірленуші жақтың алғысын алған сәтте жұмысына деген ынтан артып, ығығынан ауыр жүк түсіп, жеңілдеп қаласын.

– Ең алғаш тергеген ісіңіз есінде ме? – Полицияда тергеу саласы жауапты болғандықтан, бірден тергеушілік қызметті ұсынбайды. Бірнеше жыл кәсіби біліктілікті жинақтау үшін басқа салаларында жұмыс істеуің қажет. Мен де сол ұстаным бойынша алдымен учаскелік полиция инспекторы болдым. Олан кейін басқа да қызметтерге болып, кезекші бөлімінің бастығы қызметіне ауыстым. Ол кезде Шіелі аудандық ішкі істер бөлімінде қызметтемін. 2002 жылдар – компьютерлік техникалардың енді келген кезі. Ауданда кезекші бөлім бастығы болумен қатар штаб бастығы қызметін қатар атқардым. Ең соңғы үлгідегі компьютер менде болды. Ал сол қызметтен тергеушілікке ауысқанымда кезекші бөлімі бастығына ешікім келе қоймады. Сөйтіп, 2-3 айдай екі қызметті қатар алып жүруге түра келді. Олі есімде, тергеу басшылығы 6-7 сынып оқитын жасөспірім балаларға қатысты 6 эпизодты істі маған тапсырды. Ол балалардың ата-аналары ішімдікке салынып, ата-аналық міндеттерін дұрыс орындамай- тынын анықтадық. Сөйтіп, сол іс біткенше мен жасөспірімдердің «жесі» болдым. Күндегікті тамағы, жүріп-тұруы менің мойнымда. Көметекте толмағандарға қатысты істе міндетті түрде психиатриялық сараптама- дан өткізу керек. Ол сараптама тек Қызылорда қаласында. Төртеуін ертіп алып, қалаға баратынымыз. Нәтижесінде жаңағы балаларға әбден бауыр басып қалдым. Олан кейін де бірнеше рет ол оқушыларға қатысты іс өтті. Маған өздері кінәларын мойындап келіп тұратын бол- ды. Кейіннен, шамасы, 2016 жылы болуы керек, қала орталығында аял- дамада тұрсам, сол балалардың біреуі жүгіріп келіп, амандасып, жағдай сұрап жатыр. Жігіт болған. Өзінен жөн сұрағанымда, отбасылы болып, қалаға көшіп келгенін, балалықты қойғандығын айтты. Қуандым, по- лиция қызметкері, ең бастысы, қарапайым адам ретіндегі міндеттерімді абдырым, адал орындағанымды ұқтым. Себебі, кінәларын дәлелдеп, жаза беріп қана қоймай, олардың тұлғалық, азаматтық болмысын сақтап, болашаққа деген сенімін қалыптастыру менің міндетім еді.

– Қоғам болған соң қымыс та орын алмай тұрмайды. Әйтсе де, алдын алуға қандай амалдар жасалып отыр?

– Адамдардың қымыс жасауына қоршаған ортасы да әсер етеді. Қылмыстың ең көп кездесетін түрлері, меншікке қатысты ұрлық пен алаяқтық. Мүліктік сипаттағы қылмыстардың тыйылуы мүмкін емес, дегенмен, оларды тоқтату мақсатында бірнеше шаралар атқарылуда. Қылмыстың алдын алу бірінші кезекте жергілікті полиция мен әкімшілік полицияның міндеті. Қылмыспен күрес ортақ жұмыс болғандықтан, бірлесіп қызмет етудіміз.

– Әрбір жетістікке жеткен ер адамның артында бір тірегі бо- лып отбасы тұрады. Балаларыңыз да тәртіп сақшысы болуға ықыласты ма?

– Адам екі нәрседен, біріншісі – жар таңдауда, екіншісі, мамандық таңдауда қателеспейу керек дейді ғой. Қазіргі жағдайыма қарап, осы екеуінен де қателеспегенімді түсіндім. Себебі, жолдасым шаңырақ көтерген 19 жыл ішінде менің жұмысыма, отбасыма көп уақыт бөлмейтініме кінә тағып көрген емес. Қолым босай қалған уақытта барлық уақытымыз балаларыма және отбасыма арнауға тырысамын. Қазір үш қыз, бір ұлым бар. Балаларымның әр таңдауын қолдаймын. Бағыт-бағдар көрсетіп, әкелік әкіл-кенесімді беріп отырамын. Тіпті полиция қызметкері болам десе де, қолдау көрсетуге әзірмін.

– Жас мамандарға қандай жол сілтер едіңіз? – Жас мамандар ар тазалығына мән беріп, антқа адал болуды ұстаным етсе ұғымдайды. Сонымен қатар, психолог бола білу адамның жан-дүниесін түсінуге, іс-әрекет, ым-шарадан-ақ көп дүниені ұғуға көмектеседі. Бастысы, қолға алған істі бар ынтымен атқарып, өзіне қаншама адамның сенім артып отырғанын ұмытпай, жауапкершілікті жоғары қою керек деп есептеймін.

– Ракметі!

Әңгімелескен: Айдана ЖҰМАДИНОВА,

«Сыр бойы».



«Ақмешіт» гуманитарлық-техникалық институты – Сыр өңіріндегі гуманитарлық, экономикалық, техникалық, құқық және қызмет көрсету бағыттарында маман даярлап келе жатқан алдыңғы қатарлы оқу орны.

Институт 1998 жылы Қызылорда инженерлік-эко- микалық институты болып құрылып, 2009 жылы «Ақмешіт» атауын иеленіп, гуманитарлық-техникалық бағытқа ауыс- ты. Оқу орны отандық, шетелдік ЖОО-лармен, ғылыми орталықтармен тығыз байланыста. Қазіргі кезде мұнда ұлттық

ЖОБА		Заңнам сәйкес Қызылорда облысының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТІДІ.		3. «Қызылорда облысының жер қатыптары басқармасы» және «Қызылорда облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» мемлекеттік жекесілер мен қорғаныс қаласы, Сырдария, Шіелі аудандарының әкімдері осы қаулымен туындайтын шаруашылық қабілетіне:	
Қауымдық сервитут белгілеу туралы		«Қазақстан Республикасының Жер кодексі» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы Конституция 69-бабының 4-тармағына және «Қазақстан Республикасының жергілікті мемлекеттік басқару және өңірлік басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 25 қаңтардағы		Қызылорда облысының әкімі К. Қосбергенов	
				Қызылорда облысы әкімінің 2018 жылғы «...»...»...» қаулысына қосымша	
		«ҚазТрансГаз» акционерлік қоғамына «Сары-Арка» магистральлық газ құбырын орналастыру мақсатында қауымдық сервитут белгілеуген жер учаскелерінің экспликациясы			
№	Қала, аудан атауы	Нысаналы мақсаты	Жер саны	Қауымдық сервитут белгілеу көлемі (гектар)	Оның ішінде: жайылымдағы басқа алақалар
1	2	3	4	5	6
1	Қызылорда қаласы	Абай қосалқы стансасын «Сары-Арка» магистральлық газ құбырының ГЭС-ке дейінгі ВЛ-10 км қиылымы үшін	сая мекендердің жері су қорығын жері өнеркәсіп, көлік, байланыс, ғарыш қызметі, қорғаныс, ұлттық маңызында мұқтаждық арнаған жер және ауыл шаруашылығына арналмаған еге де жер басқалық жер	0,229 0,008 8,4071	0,0153 0,076 0,008 8,4071
	Жинағы:	-	ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер өнеркәсіп, көлік, байланыс, ғарыш қызметі, қорғаныс, ұлттық маңызында мұқтаждық арнаған жер және ауыл шаруашылығына арналмаған еге де жер басқалық жер	8,4071 17,0512 3,1944	5,6243 11,2738 0,7219
2		Абай қосалқы стансасын «Сары-Арка» магистральлық газ құбырының ГЭС-ке дейінгі ВЛ-10 км қиылымы үшін	өнеркәсіп, көлік, байланыс, ғарыш қызметі, қорғаныс, ұлттық маңызында мұқтаждық арнаған жер және ауыл шаруашылығына арналмаған еге де жер басқалық жер	0,0056 - 25,9717	0,0056 - 25,9717
Сырдария ауданы		«Сары-Арка» магистральлық газ құбырының ГЭС-мен Шіелі ауданының Қызылорда облысының 6-ТККК-тің маңындағы құрылымы үшін	өнеркәсіп, көлік, байланыс, ғарыш қызметі, қорғаныс, ұлттық маңызында мұқтаждық арнаған жер және ауыл шаруашылығына арналмаған еге де жер басқалық жер	0,9989 25,8374	0,7731 19,9981
		«Сары-Арка» магистральлық газ құбырының желілік бөлігін орналастыру үшін	өнеркәсіп, көлік, байланыс, ғарыш қызметі, қорғаныс, ұлттық маңызында мұқтаждық арнаған жер және ауыл шаруашылығына арналмаған еге де жер басқалық жер	345,3095 1,95	267,2695 78,04
		«Сары-Арка» магистральлық газ құбырының «Бейнеу-Шымкент» магистральлық газ құбырына қосатын түзетін ұзындығы учаскесі үшін	өнеркәсіп, көлік, байланыс, ғарыш қызметі, қорғаныс, ұлттық маңызында мұқтаждық арнаған жер және ауыл шаруашылығына арналмаған еге де жер басқалық жер	0,6674 345,3095	0,5166 267,2695
		1-КШ үшін	басқалық жер	0,0049	0,0038
		ГОС үшін	басқалық жер	1,0178	0,79
		1-А байланыс антенна тізгіні үшін	басқалық жер	0,0025	0,0017
		ГОС-мен, 1-ТККК-тің және 1-КШ-мен қиылысуы үшін	басқалық жер	0,9380	0,73
		1-ШТ, 1-ЖТКС және 3-А байланыс антенна тізгіні үшін	басқалық жер	0,0879	0,068
		аналтық алаңға ВЛ-10 км әуе желісі үшін	басқалық жер	0,2	0,15
		1-ЖТКС маңындағы аналтық алаң үшін	басқалық жер	0,02	0,015
Шіелі ауданы		1-ШТ-ға қиылысуы үшін	басқалық жер	1,504	1,164
		6-ШТ, 6-ЖТКС және 6-А байланыс антенна тізгіні үшін	басқалық жер	0,0443	0,034
		аналтық алаңға ВЛ-10 км әуе желісі үшін	басқалық жер	0,2	0,15
		6-ЖТКС маңындағы аналтық алаң үшін	басқалық жер	0,02	0,015
		6-ШТ-ға қиылысуы үшін	басқалық жер	0,273	0,211
		Жинағы:	ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер өнеркәсіп, көлік, байланыс, ғарыш қызметі, қорғаныс, ұлттық маңызында мұқтаждық арнаған жер және ауыл шаруашылығына арналмаған еге де жер басқалық жер	414,6305 7,9354 43,11	300,5782 6,0388 32,81
		1-ШТ және 1-ЖТКС үшін	басқалық жер	254,8778	193,962
		аналтық алаңға ВЛ-10 км әуе желісі үшін	басқалық жер	0,0053	0,0040
		1-ЖТКС маңындағы аналтық алаң үшін	басқалық жер	0,2	0,15
		1-ЖТКС маңындағы аналтық алаң үшін	басқалық жер	0,02	0,015
Жинағы:		2-ШТ, 2-ЖТКС және 2-А байланыс антенна тізгіні үшін	басқалық жер	0,198	0,151
		аналтық алаңға ВЛ-10 км әуе желісі үшін	басқалық жер	0,0443	0,034
		2-ЖТКС маңындағы аналтық алаң үшін	басқалық жер	0,2	0,15
		2-ШТ және 2-ЖТКС үшін	басқалық жер	0,0053	0,0040
		2-ШТ және 2-ЖТКС үшін	басқалық жер	0,0053	0,0040
		2-ШТ және 2-ЖТКС үшін	басқалық жер	0,0443	0,034
		аналтық алаңға ВЛ-10 км әуе желісі үшін	басқалық жер	0,2	0,15
		4-ЖТКС маңындағы аналтық алаң үшін	басқалық жер	0,02	0,015
		4-ШТ-ға қиылысуы үшін	басқалық жер	0,097	0,074
		5-ШТ, 5-ЖТКС және 5-А байланыс антенна тізгіні үшін	басқалық жер	0,0879	0,067
Жинағы:		аналтық алаңға ВЛ-10 км әуе желісі үшін	басқалық жер	0,2	0,15
		4-ЖТКС маңындағы аналтық алаң үшін	басқалық жер	0,02	0,015
		4-ШТ-ға қиылысуы үшін	басқалық жер	0,844	0,642
		Жинағы:	ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер өнеркәсіп, көлік, байланыс, ғарыш қызметі, қорғаныс, ұлттық маңызында мұқтаждық арнаған жер және ауыл шаруашылығына арналмаған еге де жер басқалық жер	309,0919 740,7936	235,7138 541,6816
		Бірізділік:	-	-	198,9743

Ескерту: абитуриенттердің толық жазылуы: ТККК – табиғи қондырғылардың қабілетін қосу торабы

ГОС – газ өткізгіш станциясы

КШ – қорғаныш мұрағаты

ТККК – табиғи қондырғылардың қосу торабы

ЖТКС – жиналғысы трансформаторлық қосалқы станция

ШТ – аумақ торабы

ККС – қалыптасу қорық станциясы

Облыстық және жергілікті қоғамдық кеңес мүшелерінің қатысуымен өтетін көшпелі отырыстың кестесі				
№	Өңір	Қоғамдық кеңес мүшелері	Отырыс уақыты	
1	Қазалы ауданы	Б.Нурқожаев Ш.Әбдікерімов	23.04.2018 Сағ. 10.00	
2	Арал ауданы	Б.Нурқожаев Ш.Әбдікерімов А. Жолаңов	23.04.2018 Сағ. 15.00	
3	Қармақшы ауданы	Т.Кенжебаев А. Оңғарбаев А. Дауленбаев	28.04.2018 Сағ. 10.00	
4	Сырдария ауданы	С.Омарзақов Н.Ерманов М.Омаров	25.04.2018 Сағ. 10.00	
5	Жалағаш ауданы	С.Омарзақов Н.Ерманов Х. Кометов	25.04.2018 Сағ. 15.00	
6	Шіелі ауданы	Т. Телеебаев С.Обіш К. Есімсейітова А. Қайруллаев П. Махамбетова	27.04.2018 Сағ. 10.00	
7	Жанакорған ауданы	Т.Телеебаев С.Обіш К. Есімсейітова А. Қайруллаев М. Балқожаев	27.04.2018 Сағ. 15.00	

ТАБИҒАТ ПАЙДАЛАНУШЫЛАР НАЗАРЫНА

Қызылорда облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 15 сәуірідегі Заңының (бұдан әрі-Заң) 23-бабының 6-тармағына сәйкес мүдделі жеке және заңды тұлғалардың қатысуымен 2018 жылдың 24 сәуір күні сағат 11-00 де Қызылорда қаласы, Сұлтан Бейбарыс көшесі №1 мекен-жайында орналасқан мәселелер үйінің 2 қабатының Б блогындағы мәжіліс залында мемлекеттік қызметтер көрсету бойынша жария талқылау өткізілетінін хабарлаймыз.

Толығырақ ақпарат алу үшін 8(7242) 60-53-69 анықтама телефонна хабарласуға болады

облыстық табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы.

«Сыр бойы», «Қызылординские вести», «Ақмешіт апталығы», «Ақмешіт жастары» және аудандың барлық басылмалдарына хабарландыру орналастырғыңыз келсе: **70-00-49, 70-00-52** телефондары арқылы байланысуға болады. **E-mail: smjarnama@mail.ru**

«Сыр бойы», «Қызылординские вести», «Ақмешіт апталығы», «Ақмешіт жастары» және аудандың барлық басылмалдарына хабарландыру орналастырғыңыз келсе: **70-00-49, 70-00-52** телефондары арқылы байланысуға болады. **E-mail: smjarnama@mail.ru**

дәлалық аймақтарға шыққанда кенені жуытпай- тын үркіткіш заттарды (репенелит) қолдану; – мал жүнін қырқы, мал сою кезеңінде қауіпсіздік шараларын сақтап, қолға резекке қолғап кию; – кене шаққан жағдайда кенені жалаң қолмен ұстамау керек, оны қысқаашан қатты қысып (кенені езіп алмас үшін), абыайлап, ұқыпты (тенселітпей, жүл- қыламай) тартып алып, орнын 5 проценттік йодтың спирттегі ертіндісімен немесе 70 проценттік спирткең сұрты қажет. Кене шаққан адам тез арада міндетті түрде медициналық көмекке қарайтын тиісті медициналық көмек алуы тиіс. 14 күн бойы амбулатория түрде дәрігердің бақылауында болып, аурудың белгілері (әсіздік, дене қызуының көтерілуі, бас ауруы, бұлшық еттердің ауруы) байқалған уақытта міндетті түрде дәру- дерігерге қаралу.

мал басын кенеге қарсы өңдеуден өткізу, кене- лердің жұмыртқаларының орнындары мал қораларын қидан, қонған тазалау, қатты тұрмыстық құю-қоқыс- тарды арнайы полигондарға шығару қажет.

Қорыта айтқанда, ауырып ем іздегенше, ауырмай- тын жол іздеуге шақырамыз.

Г.БИЖАНОВА,
облыстық қоғамдық денсаулық сақтау департаментінің бас маманы.

БІЛІКТІ КАДР ДАЯРЛАУ ЖОЛЫНДАҒЫ 20 ЖЫЛ

аккредиттеу агенттігі институционалды және мамандан- дырылған аккредитация жүргізіп жатыр. Жоғары білікті кадр даярлаудағы негізгі фактор – қуатты, қазіргі заманғы материалдық-техникалық базаның болуы. Осы орайда институт заман талабына сай оқу кабинеттерімен, зертхана, шеберхана, компьютер сыныбы, интернет жүйесіне қосылған компьютерлік парк, лингфон кабинети, мәжіліс және спорт залы, мұражай, асхана, дәрігерлік пунктпен жабдықталған. 2012 жылы кітапхана салынып, 2014 жылы жаңа оқу ғимараты пайдалануға берілді. 2016 жылы үш қабатты оқу ғимараты бой көтеріп, осы оқу жылында жаңа оқу зертханалық кешен іске қосылды.

Техника ғылымдарының кандидаты, доцент А.Үргеніш- беков жетекшілік ететін ұжым оқу-тәрбие жұмысына онтайлы ұйымдастырып, сапалы кадр дайындау бағытында ауқымды жұмыс атқарып келеді. Сонымен қатар, тәжірибелі маман- дарды оқытып, өркенітетін ұлы көшіне жастарды ілесті- рудің мақсат еткен оқу орнында ғылым кандидаттары М.К.Бисенова, А.Б.Әлібасқова, Б.С.Отарбаев, Б.Т.Кенжадиева және оқу-әдістемелік, тәрбие, студенттік бөлім меңгерушілері А.Х.Омарова, Т.П.Мақсимова, А.Е.Бекеновалар заман талабы- на сай маман даярлау жұмыстарын жоғары деңгейде жүргізіп келеді. Үстаздар білім бергеннен бөлек, студенттердің тәлім- тәрбиесіне жетіп көңіл бөледі. Әрбір оқу тобының тәрбиелік шараларға қатысып, уақыттың тиімді өткізуді қадағалайды.

Қоғамдық негізде құрылған жастар ісі жөніндегі коми- тет, «Жас Отан» жастар қанаты, еріктілер комитеттерінің белсенді мүшелері әртүрлі деңгейдегі шараларға атсалы- сып жүреді. Институт мақтаншына айналған студенттер де жетерлік.Б.Амантай, Ж.Қалжан, А.Серік облыс бойынша қысқы Универсиада алауын жаққаңдар қатарында болды. А.Өтеп, Ж.Қалжан ЭКСПО-2017 халықаралық көрмесінде

Н.ҚУАНДЫҚ

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының мәліметі бойынша, әлемдегі өлім-жітігінің алғашқы ондығында миокард инфарктісі бірінімі орында

ЕСІҢІЗДЕ БОЛСЫН!

ЖҮРЕК ТАЛМАСЫНЫҢ АЛТЫ БЕЛГІСІ

КАРДИОЛДЫ АМЫРДЫҢ МАВАЗАЛЫ
Көуде тұсының қысып/батып ауырды (сұғып,

Сыр елі – сонау Қорқыттан басталатын өлең-жырдың алтын тінін үзбей бүгінгі ұрпаққа жеткізген аймақ. Сыр елін жыр елі атандырған өлкенің даңқы шыққан өнерпаздары. Облыс орталығында шоқтығы биік шайыр Омар Шорақұлының 140 жылдығына арналған «Алты Алаштың шайыры...» атты жыр кеші өтті. Кеш тізгіні Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, жырау Алмас Алматовта болды.

ЖҮЗЖЫЛДЫҚ ТАРИХТЫҢ ДҮБІРЛІ ТОЙЫ



«Кетеде Шораықтың Омары өтті,

Өлгенше өлең-жырды жоғары етті», – деп қалың ел құрмет тұтқан Омар өлең жазуды 16 жасында бастаған. Өсет, толғау, терме, мысалдармен қатар 15-тен аса дастаны ел аузында. Бірі – ұстаз, бірі – шәкірт, жыр дүлдiлi Қарасақал Ерiмбет пен Омар Шорақұлының алты жылға ұласқан айтысы аңызға бергiсiз болып елге тараған. «Әдiл iс ағын судың арнасындай, әдiл сөз болат семсер алмасындай» деп, ескiрмейтiн естi сөз қалдырған Омар 1917-1918 жылғы оқиғалар кезiнде Алаш азаматтарымен үндес болды. Өлендерiнiң өткен ғасырда цензурадан өтпей қалуының да себебi осында. Мiнәжат, Пайғамбарлар заманындағы оқиғалар жөнiндегi жырлары да ел егемендiк алғаннан кейiн ғана жарық көрдi.

Қармақшы жерi – рухани әлемiмiзге 100-ден астам жырау қосқан, шежiреге бай, құнарлы аймақ. Шайырдың мұрасын насихаттау мақсатында өткен жыр кешi Қызылорда облысы әкiмдiгiнiң қолдауымен, Қармақшы ауданы әкiмдiгi және облыстық мәдениет, архивтер, құжаттама басқармасының ұйымдастыруымен өткiзiлдi.

– Сыр сұлейлерiнiң жыр-мұрасын халық арасында қайта жаңғырту, рухани жаңғыруымыздың бiрден-бiр кiлтi. Фестивальдiң негiзгi мақсаты – Омар Шорақұлының шығармалары арқылы ақынның әлебi мұраларын насихаттау, жыраулық өнердi ұрпақ санасына сiңiре отырып, оның сiңiрлы мақам сазын өнерсүйер қауымға жеткiзу, – депi аудан әкiмiнiң орынбасары Мәжiт Самитов.

Сан ғасырдан жеткен жыр-терме ұлттық мүдде, ұлттық кодтың нағыз өзi. Бұл мерекенi жырау Алмас Алматов «мыңжылдық мәдениет, жүзжылдық тарихымыздың дүбiрлi тойы» деп қарау керегiн айтты. Жыраулардың iзiн жалғаған көш тоқтаған емес. Жыр кешiне елге белгiлi жыраулар Бидас Рүстембеков, Берiк Саймағамбетов, Ақмарал Ноғайбаева, Шолпан Бейiмбетова, Руслан Ахметов, Майра Сәрсенбаева, Айдоc Ракметов, Марат Сүгiрбай, Күнсұлу Түрiкпенова және жас буын жыршылар қатысты.

Алқалы жиындарда Қорқыттан берi келе жатқан өнердi академиялық деңгейде ұйымдастырып, жинақтау керекгi айтылып жүр. Елiмiзде соңғы 30 жылда өнертанушы мамандардың дайындалуына аса мән берiлген. Қазақ елiнде зерттеп, зерделеудi қажет ететiн 550-ден аса батырлар жыры бар. Айталық Түркияда бiр «Көроғлы» дастанының алтыншы симптомдары өттi. Бiздiң елде де бұл жұмыстар бiр арнаға түсiп келедi. Тұрмағамбеттiң «Шахнамасы» 22 жыраудың орындауында 68 сағат, «Шыңғыснама» 25 сағат, батырлар жыр-дастаны 100 сағат жырданып күйтабаққа түсiрiлiп, кiтапханалар мен жоғары оқу орындарына таратылған.

Омар Шорақұлының еңбегiн ел есiнде қайта жаңғыртқан кеш ұлттық өнер, мәдениеттi ұлықтау мақсатындағы игi iстiң бiрi. Жыр мерекесiнде жиналған ел домбыраның күмбiрiн елтiп, қилы кезен, тар заманды хатқа түсiрiп, халық жадына сақтаған жыраулар мұрасымен сусындады.

Айдана ЖҰМАДИНОВА,
«Сыр бойы».

ҚАЙСАРЛЫҚТЫ ҮЛГІ ЕТКЕН ЖЕТІ ТАҒДЫР

23 – сәуір Дүниежүзілік кітап және авторлық құқық күні қарсаңында Мүгедектерді оңалту орталығында «Қайсарлықты үлгі еткен жеті тағдыр» атты кітаптың тұсаукесері өтті. Шараға облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы басшысының орынбасары А.Есқараева, «Қоғамдық келісім» КММ директорының кеңесшісі Е.Уәйіс қатысты.

Туындыда қиындыққа мойымай, қайсарлықтарымен өзгерлерге үлгі болып жүрген жеті жанның өмір жолы топтастырылған. Сондай-ақ, тағдыры әртүрлі кейіпкердің өмірге құштарлығын оятқан орталық қызметкерлерінің еңбегі де сипатталады.

– Кітап шығару туралы ой осы орталықта қызмет алу кезінде келді. Осындағы кітапханашы апай мен басшылыққа айтқанымызда бірден қолдау тапты. Туынды арқылы өмірге құштар жандарды, олардың жеткен жетістіктерін көрсеткіміз келді. Сонымен бірге, біз секілді қаншама жандар бар, олардың да жүрегінің үміт отын оятып, алға талпынуға кішкене болса да септігімізді тигізуді көздедік, – дейді кітап авторы әрі кейіпкері Сағатбек Синоов.

Шара соңында кейіпкерлер жайлы видеороликтер көрсетіліп, қатысушыларға мерекелік концерт ұсынылды.

Мейрамгүл ДАУЫЛБАЙҚЫЗЫ,
«Сыр бойы».

1-бет

Салтанатты рәсімде Сәуле Құлахметқызы әулет жайлы естеліктерімен бөлісіп, тұтан жерде ұйымдастырылған шара үшін алғысын білдірді. Оған кейін қонақтар галереядағы Ләтіпа Қожықованың үлгісімен тігілген театр костюмдерімен, ою-өрнектермен танысты. Деректерге қарағанда, оның қолынан 1000-ға жуық киім, 100-ден аса өрнек үлгілері шыққан. Мәскеуде 1936 жылы өткен қазақ-әдебиеті мен өнерінің оңқудігіне қатысқан артистердің костюмдерін Ләтіпа Қожықова тіккен. Халық шаруашылығы жетістіктері көрмесіне арналып жасалған киіз үй де орындаушылық шеберлігімен көз тартқан.

Көрмеге қазақ бейнелеу өнеріндегі графика жарып қалыптастырушысы Қожахмет Қожықовтың «Алқынзыл моңшақты келіншек», «Кешқұрым», «Жайлауды» снықты картиналары, «Аяз би» иллюстрациясы, «По плану маршала» карикатурасы, тағы басқа туындылары қойылған. Ал қазақтың тұңғыш театр және кино суретшісі Құлахмет Қожықовтың «Гаухарта» фильмінің кейіпкерлеріне, «Еңлік-Кебектегі» Кебекке жасаған костюмдерінің эскизі, «Біз Жетісуданбыз», «Қыз Жібек», «Менің атым Қожа» фильмдеріне жасаған декорациялары, Ұлы Абай бейнеленген картиналары көпшілік қызығушылығын тудырды.

Ә.Қастеев атындағы мемлекеттік өнер музейімен бірлесіп ұйымдастырылған көрме 15 мамырға дейін жұмыс істейді.

Түс айна А.Тоқмағамбетов атындағы мәдениет үйінде «Ләтіпа Қожықова және қазақтың ұлттық сурет өнері» атты ғылыми-практикалық конференция өтті. Конференцияның облыс әкімінің орынбасары Руслан Рүстемов жүргізді.

Ләтіпа Қожықованың әкесі атақты Мұнайтпас болыс пен оның балаларының қазақ тарихындағы орны туралы соңғы кезде жиі айтылып жүр. Жиында сөз алған Сәуле Қожықова осы Лапиндер әулеті және атасы Қоңырқожа туралы толымды мәліметтер, тарихи суреттер ұсынды. Екі әулет тағдырының тоғысуы, төңкеріске дейінгі жылдардағы жаңа үлгідегі мектептің ашылуы, оған Мұнайтпас болыстың қосқан үлесі туралы айты.

Сол кездегі қазақ ұлттығын интеллегенциясы түрлі қызықтыр атқара жүріп, Ташкентте ашылған КиришПрос, яғни Қырғыз халық ағарту институтында сабақ берді. Мәселен, Қожықова гуманитарлық пәндерді, Мұхамеджан Тынышбаев математика мен нақты ғылымдарды үйретті. Бос уақытта олардың әйелдері мен институт тыңдаушылары көркемөнерпаздар үйірмесін құрып, «Біржан-Сараны» сахналады.

ОЙТУРТҚИ

БАЛАҢЫЗДЫ ТЕЛЕФОН ТӘРБИЕЛЕМЕСІН...

Смартфон сөзіне түсініктеме беру артық. Бүгінгі күнде гаджет ұстамайтын адам кемедем. Біздің асыққан заманда ұялы телефон – уақытымызды үнемдейтін таптырмас көмекші.

Алайда, оның зияны жоқ емес. 1970 жылдан бері баланың белсенділігі 90%-ке кеміген. Қазіргі баланың бар әлемі смартфон бетіндегі суреттер ғана. Балалар сыртта ойнауға, ағашқа өрмелеуге, бір-бірімен әңгімелесуге жоқ. Сағаттан смартфонға тісіліп отырғанды ғана біледі. Балаға бұлшық етін дамыту керек. Достарымен араласу маңызды.

«Бір қызығы жаңа қоғам тез қалыптасып келеді. Қазіргі адамдардың танымы, түсінігі, таңдауы, иіс сезуі, дәм сезуі, сипап сезуі – бәрі басқаша. Жыл өткен сайын жетіле түспейді. Өйткені, адамдар монитор мен экран алдында тапжылмай отырады. Таза ауаға шығып серуендемейді. Бетпе-бет отырып әңгімелену құрмайды» – дейді ағылшындық ғалым Сьюзен Гринфилд. Уайымдауға тұрарлық мәселе баршылық.

Бірде болшылық жолаушылар жолын жас ана екі ай болған сәбиінің жылауын қоюы үшін алдына смартфонды «Маша мен аюы» мультфильміне қоса салды. Апыр-ай, әрі қарай не



болғанын сезіп те отырған боларсыз. Мен де аң-таңмын. Смартфонға тісіліп отырған нәрестеге қарадым да қалдым.

Баланы жұбату құралы ретінде кейде телефон ұстата саламыз. Әсіресе, қонақ келгенде немесе қонаққа барғанда бала тыныш отырысын деп қолына бере қоятынмыз рас қой. Балалар электромагнитті толқындардың әсерінен көбірек зиян алады. Сондықтан кішкентайларға телефонды бергеннің алдында, оны «автономиялық» режимге қойыңыз.

Заманауи гаджеттерді қолдану адам денсаулығына қандай да бір зардап тигізетіні

бірінші рет анықталып отырған жоқ. Сондықтан смартфонды қолдануды барынша шектеңіз. Жүріп бара жатқанда телефонды мүмкіндігінше аз қолданыңыз.

Қарапайым телефон мен смартфонның радиация тарту мөлшерін салыстырғанда смартфонның зияны көп болған. Себебі, сіз сөйлесіп жатқан уақытта сіздің смартфонныңыз ғаламтор желісімен байланысып тұрады. Смартфондағы түрлі бағдарламалар бір мезетте ақпаратты алып немесе жіберіп жатады. Бұл жағаттық радиация мөлшерін әдеттегіден еселеп жібереді екен. Сондықтан, телефонды сөйлесу кезінде интернет желісінен ажыратып қою ләзім.

Қоңырау түскен сәтте оның радиациясы ең жоғары деңгейде болады. Сондықтан, қоңырау шалғанда қарсы жақ телефонды көтергеннен кейін барып тұтқаны құлаққа жасындыатыңыз.

Ғалымдардың жүргізген зерттеулері бойынша, адам ұялы телефонды қолданғанда оның миы басқаша жұмыс істей бастайды. Бір сағаттық әңгіме нәтижесінде, телефон қойылған жақтағы мидың бөлігінде көбірек глюкоза алмасуы болады. Бұл зерттеулер де әлі жалғасуда, мамандар бұл факті адамның

графиясы» жобасы іске асырылып, қасиетті орындар анықталды. Жалпыұлттық және өңірлік маңызы бар ескерткіштер белгіленді. Ежелгі қалаларда археологиялық қазба жұмыстары жалғасуда. Халықаралық, республикалық, облыстық деңгейдегі фестивалдер ұйымдастырылды.

Сыр өңірі «Рухани жаңғыру» бағдарламасына дайындықпен келді. Мәселен 2014 жылы көркемсурет галереясы ашылды. Бүгінгі жиынның өзі – осы бағдарламаны іске асырудың бір тармағы. Баяндамашы Сырдағы сурет өнерінің шежіресін жасауда әлі де атқарылар жұмыстардың ауқымы зор екенін айтты.

Қожықовтар әулетіне қатысты әртүрлі деректер айтылып жүр. Бірақ тарихқа қиянат жасауға болмайды. Архив құжаттарында 1903 жылы Перовск уезінің Кентпұ болысына қарасты «Хан ағашы» деген жерде ең бірінші орысша мектеп ашылғаны жазылған. Лапиндер әулетінің Ресейдің қалаларында білім алуына осы мектептің пайдасы тиді. Қоңырқожа Қожықов 1905 жылы осы мектепке мұғалім болып келген. Кейін бұл мектеп төрт ауылдың ортасына көшіріліп, қасынан интернат ашылды. Осыған қарап қазақ даласындағы мектептер жанынан интернат ашу, қазақ әліпбиімен оқыту тарихы Сыр өңірінен бастау алды деп тұжырым жасауға болады.

Конференциядан соң белгілі режиссер Болатхан Нұсіпбековтің Қожықовтар әулетінің өмірі мен шығармашылығына арналған «Тарлан» деректі фильмінің тұсауы кесілді.

Күнiлгерi осы ауқымды жиынға қатысушылар мен Сәуле Қожықова балаларының атақонысы – Сырдария ауданының Қоғалықол ауылында болған едi. Қонақтар алдымен Ләтiпаның әкесi Мұнайтпас пен оның балалары жерленген орынға қойылған белгiнiң басына барып, зиярат еттi. Құлпытастың жоғары жағы төте жазумен, төменгi тұсы кириллицамен жазылған. Онда: «Ғуы Қалқанам Сумұрын. Мұнайтпас Лапы Баласы. Қасында iнiсi Сейiтқан да бар және балалары Әлiмқабар, Жағыпар бар. Әйелi де осы жайда. 1966 жыл. Балдарынан және келiнi Хадияшадан ескерткiш» делiнген.

Оған кейiн ауыл клубында өткен жиында Қазақстанның еңбек сiңiрген қайраткерi Ержан Уәлiс, өлкетанушы Жұмабай Әуекерi, профессор Хазретәлі Тұрсын, өнертанушы Ерлан Төлеуай, тағы басқа азаматтар ел мен жер тарихы, Қожықовтар мен Лапиндер әулетiнiң тағдыры, қазақ өнерiне сiңiрген еңбегi туралы тағалымы әңгiме айтты. Мектеп оқушылары да осы тақырыптарды арқау еткен iздестiрiп көшiлiпiнше болсiтi.

Екi күнiге созылған қазақ өнерiндегi Қожықовтар қолтаңбасына арналған шаралар тарихтың тағалымын ұқтырып, тұлғатанудағы кейбiр мәселелердiң әлi де қолға алыну керектiгiн айқындап бердi.

Гүлжазира ЖАЛҒАСОВА,
«Сыр бойы»,
Бағдат ЕСЖАНОВ (сурет).

АТЫРАУ МҰНАЙ ЖӘНЕ ГАЗ УНИВЕРСИТЕТІ

**2018-2019 оқу жылына талапкерлерді
келесідей бакалавриат мамандықтары бойынша
оқуға шақырады:**

5B070800 - Мұнай газ ісі (математика+физика)
5B072100 - Органикалық заттардың химиялық технологиясы (химия+физика)
5B071800 - Электроэнергетика (математика+физика)
5B072400 - Технологиялық машиналар және жабдық (салалар бойынша) (математика+физика)
5B071300 - Көлік, көліктік техника және технологиялар (математика+физика)
5B073100 - Өмір тіршілігі қауіпсіздігі және қоршаған ортаны қорғау (математика+физика)
5B071100 - Геодезия және картография (математика-география)
5B070600 - Геология және пайдалы қазбалы кен орындарын барлау (математика+физика)
5B072900 - Қурылыс (математика+физика)
5B070300 - Ақпараттық жүйелер (математика+физика)
5B070400 - Есептеу техникасы және бағдарламалық қамтамасыз ету (математика+физика)
5B070200 - Автоматтандыру және басқару (математика+физика)

Оқу қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде жүреді.

Оқу түрі
• Күндізгі
• Кешкі
• Қашықтықтан оқыту технологияларын қолдану арқылы сырттай оқу
• Студенттік жатақхана
• Оқу кітапханасы
• Икемді жеңілдіктер жүйесі қарастырылған
• 50-ге жуық студенттік үйірмелер мен клубтар жұмыс жасайды

Дуалды оқыту

АТМУ «Ембімұнайгаз» АҚ-мен бірлесіп, мұнай кен орнына жақын жердегі оқу-өндірістік полигонында «Мұнай-газ ісі», «Органикалық заттардың химиялық технологиясы», «Технологиялық машиналар және жабдық» мамандықтары бойынша студенттерді дуалды оқыту жүйесін ендіріп, Ал жаңа оқу жылынан бастап «Автоматтандыру және басқару» және «Электроэнергетика» мамандықтары бойынша дуалды оқыту жүйесін енгізу жоспарланып отыр.

Біздің мекен-жайымыз: Атырау қаласы, Вокзал маңы мөлтек ауданы, Баймұханов көшесі 45А, Студенттер қалашығы, Студенттер сарайы, байланыс тел.: 36-70-15, 36-62-08.

(ҚР Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетінен 2016 жылдың 15 қарашасында №КЗ52ЛАА00007801 лицензиясы берілген)

Кезекші редактор **Дүісенбек АЯШҰЛЫ.**

Меншік иесі



жауапкершілігі
шектелуі
серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР
Аманжол ОҒАРБАЕВ

қабылдау бөлмесі
тел/факс: 8/7242/ 70-00-36

БАС РЕДАКТОР
Қуат ШАРАБИДИНОВ

қабылдау бөлмесі –
тел: 8/7242/ 40-02-17

Бас редактордың орынбасары – 70-00-43

Жауапты хатшы – 70-00-81

Бөлімдер:

руханият және ақпарат – 70-00-64, 70-00-41 экономика – 70-00-41, 70-00-68 әлеумет және саясат – 70-00-73 жарнама – 70-00-49, 70-00-52 есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38, компьютер орталығы және корректорлар – 70-00-34

Газет аптасына 3 рет (сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері) шығады.

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген. Тіркеу куәлігі № 12993-Г, 27.08.2012 ж.

Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті ҚР СТ ИСО 9001-2009 «Сапа менеджменті жүйесі» талаптарына сәйкес сертифицикатталған. Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жарияланымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. «АҚ» - ақылы қызмет.

Газет редакцияның компьютер орталығында қатталып, «Сыр медиа» ЖШС өз баспаханасында басылды. Тел.: 8/7242/ 40-06-68. Газеттің таралымы бойынша 8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Таралымы 30315
Тапсырыс №607

Редакция мекен-жайы: Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4 “А”.

e-mail: syrboyi@yandex.kz / www.syrboyi.kz